Использование ресурсов и услуг Интернет в обучении РКИ имеет исключительное значение, так как с его помощью обеспечивается возможность реального общения, предоставляется доступ к аутентичным материалам и большому количеству обучающих ресурсов в текстовом, аудио- и видео- форматах. В контексте языкового образования это позволяет создать технологическую обучающую языковую среду для формирования совокупности иноязычных компетенций.

Сегодня выделяются несколько основных сфер использования разнообразных возможностей интернет-технологий. Во-первых, использование интернет-технологий как источника получения информации. Интернет позволяет получить доступ к неограниченному количеству текстовых, звуковых, электронных версий печатных изданий, каталогов библиотек, использованию поисковых систем, порталов, баз данных, систематизирующих ресурсы по определенной тематике, ориентированных на практические потребности пользователей. Эти ресурсы можно использовать в качестве современного аутентичного материала при изучении лексико-грамматических и коммуникативных тем, как опорный материал для организации поисковой деятельности студентов в русских Интернет-ресурсах, как инструмент для поиска и сбора информации по темам исследовательских проектов. Нужно отметить, что в учебных целях работа с поисковыми системами и информацией, полученной из разных источников в Интернете, используется в основном в качестве дополняющих материалов по исследовательским темам и реже – как основной материал для выполнения отдельных заданий.

Во-вторых, использование интернет-технологий в коммуникационной сфере. Интернет предоставляет услуги общения с носителями русского языка в режиме он-лайн (электронная почта, телеконференции, аудио-чаты, гостевые книги, блоги и др.). В этом качестве электронная коммуникация помогает частично решить проблему создания языковой

среды, дающей дополнительные возможности для общения на русском языке. Эти ресурсы могут быть использованы преподавателем для поддержки и повышения уровня знаний, оценки речевого поведения своих студентов в разных коммуникативных ситуациях. Организация электронной коммуникации может быть реализована различными способами:

- как участие в индивидуальном или групповом телекоммуникационном проекте (реализация технологии «метод проектов»),

- как ведение сетевых дневников в качестве инструмента для решения задач профессионального самообразования иностранцев (рефлексия, реализация технологии «портфолио»),

- как общение по переписке с представителями страны изучаемого языка,

- как использование электронной почты для диалогового обмена информацией между студентом и преподавателем в рамках дистанционного обучения.

Использование интернет-технологий в процессе обучения русскому языку как иностранному является эффективной языковой практикой, с помощью которой осуществляется переход от формы к содержанию в сторону истинного общения.

В-третьих, наибольший интерес представляет такая сфера применения интернет-технологий как обучающие ресурсы, размещенные в интернете. К ним относятся сетевые учебные программы (сетевые учебно-методические комплексы, сетевые учебники и учебные пособия), виртуальные образовательные среды, сетевые инструментальные оболочки и сетевые прикладные средства, позволяющие организовать обучение, создавать учебные материалы и управлять учебным процессом.

Такая специализированная Интернет среда обучения РКИ представляет собой структурированное сетевое окружение участников лингводидактического процесса. Оно интегрирует комплекс справочно-информационных, учебно-методических и прикладных средств на электронных носителях, а также пользовательские и коммуникационные сервисы. Все это в совокупности позволяет организовать регулярное учебное взаимодействие субъектов обучения, как постоянно контактирующих, так и разделенных пространством и временем.

В-четвертых, Интернет выступает как средство развлечения (игровые технологии).

Таким образом, можно констатировать, что интернет-среда дает иностранным студентам и преподавателям РКИ возможность максимально эффективно использовать разные информационно-образовательные и обучающие электронные ресурсы в учебном процессе для развития самостоятельности учащихся. Это способствует модернизации традиционных форм обучения РКИ, повышению мотивации студентов, а также формированию профессиональной и коммуникативной компетенций.

Особое внимание в научных работах уделяется личностно-ориентированному обучению, автономности обучения в связи с центральной для современной педагогической системы идеей рассматривать субъект как центральный элемент системы образования (И.А. Зимняя, И.С. Якиманская, Е.С. Полат, А.А. Леонтьев и др.) [3, 4, 5, 6]. Суть процесса формирования учебной автономности состоит в стимулировании развития мотивации, знаний и умений, необходимых для самостоятельного учения (автономность студента как субъекта познания), самостоятельного общения на русском языке (автономность студента как субъекта коммуникации), самостоятельности личности (автономность студента как личности). Все эти методические идеи должны учитываться при отборе и организации содержания обучения.

В последние годы активно развивается концепция самоуправляемого (автономного) обучения. Она основана на ответственности студента за выбор способов обучения, создания условий для доступа к образовательным ресурсам, личную ответственность за планирование, реализацию и результаты обучения. Уже накоплен опыт использования современных технологий, в основе которых лежит общая цель обучения – научить иностранных студентов общаться на русском языке, а также внести необходимый вклад в становление и развитие

личности учащихся, направленных на реализацию творческого потенциала личности. Это обучение в сотрудничестве, метод проектов, языковой портфель, интеллект-карты и др. Базисным принципом перечисленных технологий является принцип активной коммуникации, за основу которого берутся ситуации различного характера (от социально-бытовых до проблемных). Ситуации реализуются через работу в группах (коллективная работа), которая вместе с тем носит и личностно-ориентированный характер и эффективней всего реализуется в положительной психологической атмосфере взаимопонимания и активного взаимодействия, где студенты делятся не только информацией, но и эмоциями.

Важную роль в овладении русским языком играют различные стратегии его усвоения иностранными студентами, определяющие характер тренировки языкового материала.

При подборе и составлении конкретных упражнений (включая текстовое наполнение и формулировки) в соответствии с положениями современной коммуникативной методики необходимо руководствоваться несколькими принципами: 1) интерес, значимость для студентов; 2) доступность, понимание всех компонентов учебного материала; 3) неизбежность появления речевой реакции; 4) обеспечение языковой реакции соответствующими лингвистическими средствами; 5) возможность прогнозирования ответов (их типов).

Анализ литературы (Полат Е.С., Богомолов А.Н.) [2, 5, 6] и результатов проектной методики показывает, что при планировании проектной деятельности по русскому языку следует учитывать следующие параметры: основные этапы осуществления проекта (целеполагание, поиск, формулирование проблемы, сбор и анализ информации, решение проблемы и экспертиза проекта); виды проектных задач (поисковые, дискурсивные, исследовательские, творческие); уровень проблемности проектных задач, а также формируемые в ходе решения проектных задач компетенции.

Одним из главных принципов проектной работы является сочетание целей и способов деятельности, характерных для проблемного обучения, личностно-ориентированного подхода, направленных на обдумывание профессионально значимых компетенций, центральными из которых являются коммуникативная и социокультурная компетенции. Особое внимание уделяется разработке тематики проектной деятельности студента для того, чтобы ее участники понимали реально существующие связи темы проекта и будущей учебной и профессиональной деятельности. Важным фактором формирования необходимых компетенций является совместная творческая поисковая деятельность студентов и преподавателя в разных формах (совместно-взаимодействующей, совместно-индивидуальной и совместно-распределенной) и общение, направленное на выполнение профессионально ориентированного проектного задания. Преподаватель перестает быть только лишь источником знаний и становится организатором процесса изучения языка, которое должно стимулировать интеллектуальное и моральное развитие личности студента, активизировать его потенциальные возможности, формировать критическое мышление, способность и готовность пользоваться русским языком как языком общения.

Основой проектного подхода является развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания и ориентироваться в информационном пространстве. Проект – это работа студентов, которая практически самостоятельно планируется и реализуется ими и в которой речевое общение включено в интеллектуально-эмоциональный контекст другой деятельности. Таким образом, самостоятельная деятельность студентов – одно из основных условий необходимых для использования проектного метода. Принцип автономности обучения является одним из ключевых методических принципов, на которых базируется проектный подход.

В современном образовательном процессе ИКТ позволяет находить эффективные методы решения традиционных образовательных задач. В вузах применение ИКТ характеризуется тенденцией перехода от частного использования к комплексному и системному внедрению в учебный процесс. Современные программные средства и новые

технологии обучения позволяют по-новому организовать самостоятельную учебную деятельность.

Основным направлением развития современных технологий в обучении РКИ является их соответствие коммуникативным задачам обучения, учет и реализация индивидуализированного подхода, развитие самостоятельности, креативности и творчества личности студента. Дальнейшие лингводидактические исследования, использование новых видов учебных материалов позволят в значительной мере увеличить эффективность обучения РКИ.

В Харьковском национальном автомобильно-дорожном университете (ХАДИ) активно ведется работа по внедрению ИКТ в учебный процесс: создан образовательный портал, файловый архив, разрабатываются дистанционные курсы. Преподаватели-русисты создают свои интернет-блоги, ищут новые формы обучения языку, развивая творческую самостоятельность иностранных студентов.

Дальнейшую перспективу исследования составляет разработка системы творческих заданий (проектов) по русскому языку, направленных на развитие коммуникативных умений иностранных учащихся в соответствии с их уровнем владения языком.

ЛИТЕРАТУРА

1. Азимов Э.Г. Методика организации дистанционного обучения русскому языку как иностранному. М., 2006.
2. Богомолов А.Н. Интернет среда в обучении русскому языку как иностранному. (http://www.pandi.ru/text/77/305/24_137/php)
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учебник для вузов. Изд. Второе, доп., испр. и перераб. – М.: Логос, 2003. – 384 с.
4. Зимняя И.А. Психология обучения иностранному языку. – М.: Рус. Яз., 1989. – 219 с.
5. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка//Иностранные языки в школе. 2000, №№ 2, 3.
6. Полат Е.С. Типология телекоммуникационных проектов//Наука и школа. 1997, № 4.
7. Тряпельников А.В. Современные компьютерные технологии: виртуальные формы организации самостоятельной работы//образовательные технологии и общество (EDUCATIONAL TECHNOLOGY&SOCIETY). 2008. Том:11, № 2. С. 426-432.

РОЛЬ МЕЖДОМЕТИЙ В РУССКОЙ РЕЧИ И ОСОБЕННОСТИ ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ЛИТЕРАТУРНЫХ ТЕКСТАХ

Шуховцова Т. А.

Түйін

Мақалада орыс тіліндегі одағай сөздер және олардың түрлері, мағынасы мен көркем әдебиетте қолданылу ерекшеліктері туралы сөз болады. Сонымен қоса орыс классик-жазушыларының шығармаларынан мысалдар да келтіріледі.

Summary

The article deals with the problem of interjections in Russian: their types, meanings and the peculiarities of their usage in the belletristic literature. The article is based on the citations from the works of Russian classical writers.

Национальный характер — это комплекс определяющих черт этноса, по которым можно отличить представителей одной нации от другой. Согласно общепринятой точке зрения, эмоциональность является неотъемлемой чертой русского характера. Русская эмоциональность со всеми ее свойствами: впечатлительность, чувствительность, импульсивность и т.д. непосредственно проявляется в разговорной речи, характеризующейся повышенной экспрессивностью. Исследования гендерных особенностей русской устной речи установили, что наибольшая экспрессивность присуща женской речи. Она выражается, как правило, интонационно, тогда как экспрессивность мужской речи проявляется лексически. Экспрессивную лексику составляют слова, выражающие радость, удовольствие, ласку, иронию, неодобрение, пренебрежение и пр. Важное место в русской экспрессивной лексике занимают междометия.

Междометие – неизменяемое слово, непосредственно выражающее эмоциональную реакцию на речевые или неречевые стимулы. Как часть речи оно занимает особое место и не относится ни к самостоятельным частям речи ни к служебным. Междометия не называют ни предметов, ни признаков, ни действий и не служат для связи слов, они передают наши чувства. В составе предложения междометия держатся обособленно, отделяясь обычно на письме запятой, восклицательным знаком или многоточием.

При чтении литературных произведений в иностранной аудитории следует уделить особое внимание междометиям. В художественном тексте междометия непосредственно выражают симпатии и антипатии героев произведения, их душевное состояние и реакцию на те или иные события, а также часто служат авторской речевой характеристикой персонажей.

Междометия могут быть однозначными (*ба, эй, чу и др.*) и многозначными (*а, ай, ах, о, ого и др.*). Они, как правило, тесно связаны с жестами и мимикой, отражающими различные эмоции. В зависимости от ситуации одно и то же междометие может означать разные чувства. В письменной речи, т.е. в литературном произведении, расшифровка значения междометий зависит от контекста в целом, от авторской ремарки, от описания жеста и мимики героев:

– *А, это ты?.. – промычал он недовольным голосом (А.П.Чехов)*

Рассмотрим несколько примеров употребления междометия **А**. Оно может выражать:

1. узнавание при встрече с кем-либо, иногда в сочетании с радостью, разочарованием, злорадством и т.п.

– *А-а-а... вы целуетесь? – сказал он. – Хорошо же! Я скажу мамаше. (А.П.Чехов)*

2. припоминание

– *Кузина, помнишь Грандисона?»*

– *Как, Грандисон?.. а, Грандисон!*

Да, помню, помню. Где же он? (А.С.Пушкин)

3. ужас, отчаяние

– *Ааа! – промычал Вронский, схватившись за голову. – Ааа! что я сделал! (Л.Н.Толстой)*

4) решимость

– *А! была не была, не с чего, так с бубён! (Н.В.Гоголь)*

Иногда одним междометием можно выразить совершенно противоположные чувства – восхищение (1) и опасение (2):

1. *Ах! Франция! Нет в мире лучше края!*

2. *Ах! Злые языки страшнее пистолета! (А.С.Грибоедов);*

радостную неожиданность (3) и боль (4):

3. – *Боже мой, окунь! Ай, ах...*

4. – *Миленькие, славенькие, голубчики, не буду! Ай, ай, простите! (А.П.Чехов)*

И наоборот, одно и то же чувство, например, восторг возможно выразить разными междометиями.

1. *О, в этом радужном виденье Какая нега для очей! (Ф.И.Тютчев)*

2. *Ах, прелесть! восхищение! (А.Н.Островский)*

В устной речи значение междометия помогает понять ситуация, интонация говорящего.

Междометия порой бывают безадресными, т.е. могут произноситься в отсутствии собеседника. Например, эмоциональные возгласы, выражающие досаду при неудачном результате какого-либо вида деятельности (*эх, черт*), а также междометные реакции на какой-нибудь внешний стимул: запах, холод (*фу, брр*) не требуют обязательного присутствия другого человека.

По структуре междометия разделяют на простые, состоящие из одного слова (*о, ай, ох*), и сложные, состоящие из двух и более слов (*увы и ах, вот тебе раз*).

По значению выделяют следующие междометия:

1. эмоционально-оценочные, выражающие чувства, настроения: *ах, ой-ой-ой, ужас, увы, боже мой, вот тебе на, слава богу, как бы не так, фи и др.*;

2. побудительные, которые являются командой, приказом или приглашают к совместному действию, ободряют: *айда, ау, ну, эй, караул, вон, марш, ш-ш, цыц*; среди них можно выделить команды, адресованные животным: *тпру, но, кыш, брысь, кис-кис, цып-цып, ату, улю-лю, фас*.

3. этикетные, являющиеся формулами вежливости: *здравствуй(те), привет, спасибо, прости, пока*.

По происхождению междометия можно разделить на непроизводные и производные.

Непроизводные междометия не соотносятся со словами других частей речи и состоят обычно из одного, двух или трёх звуков: *а, о, у, э, ах, ох, эх, ого, увы*. В эту же группу входят составные междометия типа *ай-ай-ай, ну-ну* и т.п.

Производные междометия образуются от других частей речи:

а) существительных (*батюшки, господи*);

б) глаголов (*здравствуйте, прощайте*);

в) наречий (*довольно, полно*);

г) местоимений (*то-то*).

В состав производных междометий вошло некоторое количество заимствованных слов: алло (англ. hallo), бис (лат. bis), баста, браво (итал. basta, bravo), айда, караул, ура (тюрск.).

Среди междометий большой пласт составляют устойчивые словосочетания и фразеологизмы: *о, господи; боже сохрани; вот так номер; как бы не так; черт побери, скажите на милость и др.*

От междометий образуются знаменательные слова: *ах* → *ахать–аханье, аховый, ну* → *понукать–понукание, хм* → *хмыкать–хмыканье, ш-ш* → *шикать, шиканье* и т.п.): 1. *Оханьем поля не переедешь, плачем горю не поможешь (Пословица)*. 2. *А бывает, и апатия нападет на меня, тоска, настроение аховое... (В.Петелин)*.

Междометие иногда выступает в роли члена предложения – подлежащего, сказуемого и др.: 1. *На лице провизора изобразилось «тьфу» (А.П.Чехов)*. 2. *Если парень в горах – не ах, если сразу раскис – и вниз... (В.С.Высоцкий)*. 3. *Ахи да охи не дадут подмоги (Пословица)*.

Междометие может заменить даже целое предложение, обозначив законченную мысль: 1. – *Мы вчера поднялись на Талгарский перевал. – Ого!*;

2. – *Ты сдал экзамен? – Увы!*

Основные значения наиболее употребительных междометий:

Ай-ай-ай – упрёк, испуг, одобрение, насмешка. *Ай-яй-яй!* *Быть ворчливым плохо!* (Л.Зубкова)

Ай да – в сочетании с именем или глаголом выражает похвалу. *Ай да Солоха!* (Н.В.Гоголь)

Ах – изумление, радость, надежда, внезапность, опасение, горе, сожаление, испуг, отчаяние. *Ах! Как скоро ночь минула!; Ах! Боже мой! Что станет говорить Княгиня Марья Алексевна!* (А.С. Грибоедов)

Ну – побуждение, удивление, восхищение, негодование, ирония. *Ну, что я робею?* (А.П. Чехов)

О – восхищение, боль, отчаяние. В поэтических произведениях используется в качестве риторического восклицания и обращения:

О, как убийственно мы любим! (Ф.И. Тютчев);

О Волга! Колыбель моя! (Н.А. Некрасов).

Ох – страдание, боль, испуг. *Ох, сердце не на месте!* (А.С. Пушкин)

У – укоризна, удивление, негодование, страх. *У! как теперь окружена Крещенским холодом она!* (А.С. Пушкин)

Ух – удивление, высокая оценка, восхищение, облегчение. *Ух, какой большущий!* (Лесков); *Ух! кончено – душе как будто легче.* (А.С. Пушкин)

Э – изумление, сомнение, недоверие, возражение. *Э, позвольте, Петр Иванович, я расскажу. – Э, нет, позвольте уж я.* (Н.В. Гоголь)

Эх – сожаление, неудовольствие. *Эх, Самсон Силыч! Уж вы во мне-то не сомневайтесь!* (А.Н. Островский)

В заключение приведем фрагменты текста из первой части романа Ф.М. Достоевского «Идиот» (отдельные фразы из разговора главного героя князя Мышкина с Рогожиным и Лебедевым), где междометия являются яркой речевой характеристикой персонажей – вежливого, деликатного Мышкина, грубого, необразованного наследника купца-миллионера Парфена Рогожина и наглого, льстивого чиновника Лебедева.

Рогожин. Из-за границы, что ль?

Мышкин. Да, из Швейцарии.

Рогожин. Фью! Эх ведь вас!.. – Черноволосый присвистнул и захохотал.

Лебедев. Хе! Денег что, должно быть, даром переплатили, а мы-то им здесь верим, — язвительно заметил черномазый.

Мышкин. О, как вы в моем случае ошибаетесь, — подхватил швейцарский пациент тихим и примиряющим голосом.

Лебедев. Даром деньги на письма истратили. Гм... по крайней мере простодушны и искренны, а сие похвально! Гм... генерала же Епанчина знаем-с...

Мышкин. О, еще бы! — тотчас же ответил князь, — князей Мышкиных теперь и совсем нет.

Лебедев. Хе-хе-хе! Последняя в своем роде! Хе-хе!

Рогожин. Ишь ведь! (мигнул он на него князю) и что только им от этого толку, что они прихвостнями тотчас же лезут?

Лебедев. А теперь миллиончик с лишком разом получить приходится, и это по крайней мере, о господи! — всплеснул руками чиновник.

Рогожин. Тьфу тебя! — сплюнул черномазый.

Рогожин. Эй ты, пугало гороховое! — обратился он к чиновнику.

Рогожин. Эвона! Да мало ль Настасий Филипповн!

Лебедев. Ан, может, и знаю-с! — тормошился чиновник.

Рогожин. Эге, да ты вот что! — действительно удивился наконец Рогожин. — Тьфу, чёрт, да ведь он и впрямь знает.

Лебедев. Эх! Ух! — кривился чиновник.

Междометия принадлежат конкретному языку и конкретной национальной культуре и требуют специального изучения при овладении иностранным языком.

ЛИТЕРАТУРА

1. Краткая русская грамматика. Под ред. Н.Ю.Шведовой. М., Рус.яз., 1989.
2. Середа Е.В. Нерешенные проблемы изучения междометий.

РАЗДЕЛ 2

ø ЛУЧШИЕ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ

Ахмади Ахмет Құрметұлы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
филология факультетінің 1-курс студенті

*

ӨЛЕҢ-ҒҰМЫР

Қара түнің жанарына көп қарап,
Өзік алғам, сезімімді ноқталап.
Енді, міне, өмір деген мен үшін,
Жалғыздыққа өлең жазу боп барад...

Жанарымда дөңгеленсе бар әлем,
Жалғыз ғана бақытыма балар ем.
Кеудемдегі арпалысты жазуға,
Өміріме серік болды қара өлең.

Кеудедегі маза бермес күй жайлы,
Жазар едім... қағазыма сыймайды.
Жұбатшы деп күнәсі көп ғаламды,
Тәңір маған тағдыр берген шимайлы.

Бұл күйімді ұға алады менің кім?!
Бақытты емен, біле-білсең теңім мұң.
Құдіретіңді мойындамай кетіп ем,
О Ұлы өлең, жеңілдім...

Ей, қара өлең келгенімен жатсынғың,
Жыр жазғызбай қоймас маған Тақсыр-Күн.
Бір тағдыры ақымақтың, аманат,
Өмірімді өлеңіме тапсырдым...

*

СОЛ БІР КҮН...

Білесің бе өкінем өткенге мен,
Сағынышым сорғалап от кеудеден.
Жаныңды мұңға тастап, осы екен-ау,
Қабырғанды қайғы кеп сөккен деген.

Есінде ме сол бір күн ақ елігім,

Ұшқыны қалды көзде және бүгін.
Әлі есімде бақытқа мас қылдырып,
Әлем маған сыйлаған әдемі күн.
Суретке көп түсіп ек...
Есінде ме?!
Бірақ бірі қалмапты көшірмеде.
Ол күн менің жанымда мәңгі қалған,
Сондықтан ұмыт деме, өшір деме!!!

Жанарымда сол күнгі қылықтарын,
Мен сені сүйген екем... бір ұққаным.
Әлемнің қай жерінен табар екем,
Саған деген сезімнің сынықтарын.

Білемін жаным маған өкпеледің,
Қиылып қимай-қимай кеткен едің.
Екеумізді айырған күз еді ғой,
Мен күзді сол үшін де жек көремін.

Білсе де ауыр-ауыр арқамда мұң,
Сол күнім қалдырған ед(і) қолтаңба мың.
Барар едім...
«Сен неге жалғызсың?» – деп,
Аспанның сұрауынан қорқам, жаным.

Не деген шешімі жоқ сұрақ дерсіз,
Өмір осы болмайтын бір әттеңсіз.
Екеуміз кездескен жер күтіп-ақ тұр,
Бірақ сенсіз...

*

АСПАН...

*Жылады тағы
Аспаным бүгін,
Аспаным өлең оқыды...
Айбол Исламғалиев*

Сезіне, сүйсіне, сағына,
Сол Аспан мұң қосқан жанына.
Бір ақын жердегі жыр жазсын,
Жылашы тағы да...

Жанбырға қосылып боздасын,
Ұлы өлең жазылу керек қой жазғасын.
Сол ақын жыр жазу үшін де,
Қажетті көз жасың...

Неліктен жылауың басылды,
Неліктен сезімін мына Аспан жасырды.
Тамшылар өлеңін тербесін,
Көрсетші жасыңды...

Кеудесі үнсіздік, тыныштық,
Тек тамшы тырсылы...
Тым ыстық.
Ол күтсе жалғыз-ақ күтеді,
Аспаннан құлауын күміс шық.

Жүрегі үмітке байланып,
Көк Аспан жыласа қайғы алып.
Ақын бар, өмірі біткесін,
Кететін тамшыға айналып...

Бақыткелді Думан
Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
3-курс студенті

ТҰМАН

«Әлия, біз сені сағындық... Біз. Әуелі аузына ақ сүт дарытып, тас емшегін жібіткен, сен он сегізге келгенше соқа басы сопиып сорлап жүріп тілеуінді тілеген - асыл анаң. Сосын, өміріңнің ең тәтті шақтарын бірге бөлісетін – біз, студент достарың. Баянды болашағы бар Мәңгілік еліңнің іргесіндегі, өз орнына сен қаланбасаң кетік боларын түсінсе деп, байлығының бір түйірі екенінді ескерсе деп сенім артқан ұлы ұлтың, жас, егемен елің бар...» – деп басталған хатты оқып бітіргенде, арандалып алданып, адасып жүріп өткізген қателіктерінен құралған күнә тамшысы жанарынан үзіліп қағазға тамды.

Ұлттық бірыңғай тестідегі жинаған ұпайдың маңызы – оны қалай алуда емес, бәлкім, қанша алуға байланысты болса керек. Он бір жыл бойы үйренген бір есептің ұпайдағы құны – білу, ақыл тоқтатқаннан бастап баршамызға парыз болған оңай сұрақтың құнымен тең. Осы алған бір ұпай – жас түлектің ертеңгі өмір деген мұхитқа шарлайтын университет атты ақ кемеге мінетін билеттің бағасы болмақ.

Анасының үкілеген үміті, ел жүрегі Астанадағы «біз алмайтын асу жоқ» деп ұрандатқан білікті университетке түсті. Жайлы жатақханаға орналасып, жаңа достар тапты. Бірінші қыркүйекте бір топта оқитын өзі сияқты өрендермен бірге танысу сабағына қатысты. Әдеби орта. Болашақ мұғалималармен келешек ақын жазушы азаматтардың ортасы. Теледидардан көріп, тамсанып жүретін зиялы буын өкілдері көз алдында жаңа өмірге сәттілік тілеп, ақыл-кеңестерін айтуда. Әр тараптан жиналған студенттер, өз ауыл-аймағымен, сол жерден түлеген танымал тұлғаларымен мақтанып, өзінің де тегін еместігін дәлелдеуде. Қара сөзге құдірет бітіріп құбылтып сөйлеп, жауһазын жырларын жарыса жырлап, лирикалық өлеңдермен әр жүректің лүпілін бір өршітіп, өнерлерін паш етіп жатыр. Көп қыздың арасынан еңсеңнің биік болуы үшін жеке ерекшеліктерді көрсетуді, дамығың келсе бәсекелестерінді басып озып, артық оқу қажет екендігін түсінді.

Арпа ішіндегі бір бидай тәрізді қырық қыздың ортасында қаладағы Бәйтеректей биік әрі тәкаппар қарап тұрған үш жігіт. Жаңа ғана ақындығын алдыға тартқан сымбаттысы, «егіздің сыңары» әнін домбырасына қосып, әуезді үнімен әуелетіп айтты. Дәл сол сәтте, пәк көңілдерге оның бейнесі серілікке баланып, ұшқындаған албырт, алайда құпия сезімдер көп көздердің кейбірінің жүректерінен жылы ұя салып, қонақтап жатты. Ән біткесін де Әлия екеуінің көздері анда-санда түйісіп қалады. Әрине, сұлу жүзіне құп жарасымды көзілдірік таққан, сыпайы сөйлеп, өзгелерді байыппен тыңдаған қыздың білімділігі де байқалып тұрса,

қалай қарайламасқа? «Қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз салмайды» дейтін қазақ жігітінің мың аққудың ішінен айрықша дараланған Әлияға айтар сезім сырлары бүршіктене бастады.

Алғашқы сабақтан қайтқан кездегі барлық студенттер сияқты ол да ғимараттан шыға сала ұялы телефоннан Алматыдағы анасына қоңырау шалды. Алған ерекше әсерін ақтарылып айтып жатыр. Қызының бақыттан бал-бұл жанып, жарқын-жарқын шыққан дауысын естіп, оқуға өзі түскендей қуаныштан тұтқаның аржағында анасы жылап тұрды.

Көңілді күндер өте берді. Студенттік қызығы мен шыжығы араласқан аз ғана уақыт. Отбасынан алғаш алыстаған олардың, кеуделерінде киелі сағыныш пайда болды. Сабақтан тыс кезде ана туралы әндерді шырқап, сағыныштың тәтті жастарын шығарып мауқыларын басып жүрді. Түрлі іс-шаралардағы белсенділігі мен еңбекқорлығы биіктерге қадам бастырса, көпшіл мінезі мен тартымды қылығы достарының арасында абыройын асқақтата берді. Оқу жылының бірінші жартысында шәкіртақысын сақтап, сессиясын сәтті аяқтап, ауылына, аяулы анасына қайтты.

Алматы – Астана бағытындағы жүрдек пойызда купедегі орнына жайғасты. Жанында егде жастағы орыс азаматы және шегір көзімен өңменінен өтердей тесіле қарап, жүзіне жараспаса да қаулата өсірген сақалын саумалап отырған қазақ жігіті. Оның жанында дөңгелек көздері ғана ашық, үстіне малып алғандай қап-қара киінген қыз отыр. Сәлден кейін екі жігіт үстіңгі төсек орындарына шығып жатты. Әлия бұл оғаш киінген кісілерден тіксініп қалды. Себебі соңғы кездері осындай сипаттағы адамдар туралы жайсыз хабарлар естіген. Есікті қағып, ішке жол серік кірді. Билеттер мен құжаттарын қайталай тексеруін өтінді. Әлияның жеке куәлігіндегі суретіне қарап, «көзіңізде шынымен минус барма, әлде көзілдірік жарасатын болғасын тағасыз ба? деп таныстық үшін қалжыңдады. – Екеуі де бар, қазір кітап оқу үшін алған ем, алайда жолсеріктің жеткенімше жақсы көңіл бөлуіне себепкер болса, көзілдірікті шешкім келмей қалды, – деп, ол да әзілмен жауап қайырды. Ұтымды жауабына риза болып, есімін айтып қолын ұсынды. Беті бүркелген қыздың жеке куәлігін ұстап тұрды да, «Ақмарал түріңізді көруім керек» деді. Қыз бұрылып жігітке қарады. Жігіті жүзін суытып, қатуланған қабағының астынан «шеш» дегендей ишара білдірді. Жүзін ашқанда Әлия қыздың жас мөлшерін жігіт шамалас болар деп топшылап еді, қателесіпті. Жап-жас өзі қатарлас қыз екен. Жолсерік куәліктерін қайтарып, сәттілік тілеп шығып кетті. Анасының жолда жерсің деп салып берген түскі асын үстелге қойып, енді бойы үйрене бастаған әлгі серіктес қызды асқа шақырды. Осы сөзді естіп жатса керек, үстіндегі жігіт: – «кәпірдің тамағын жеме, харам» деп тиып тастады. Орыс жігіт мырс етті. Мына сөзден соң Әлияның тамағынан қалай ас өтсін. Қапелімде тұтығып не айтарын білмей, сонда да оқталып еді, ыңғайсызданып қалған қыз, – «ренжімеңіз әпке, өзіңіз жей беріңіз, ас болсын!» – деді. Қыздың жылы шырайын танып екеуі шүйіркелесті.

- Сіз бізден қорықпаңыз, біз туралы елдің айтқан сөздері мен айыптаулары бәрі-бәрі бізге Алланың жіберген сынағы. Бұл дүние мұсылмандардың тозағы кәпірлердің жаннаты, сондықтан біз ақыреттегі жаннатқа жету үшін сабыр сақтаймыз. Жеткенше жол қысқартар әңгіменің ауаны осылай басталды. Екеуара әңгіменің тоқ етері, «Намаз оқы, дүниелік алған оқуыңның ертең Алла алдында пайдасы шамалы». Ал «Дін деген намаз оқып, қиналғанда мешітке барып дұғасын жасап, кешірім тілеу» деп қана түсінетін Әлия үшін, бастапқыда сөйлесуге зауқы соқпағанымен соңын ала қалай сыр ақтарысып қызу әңгімеге кіргенін өзі де аңдамай қалды. Жақын танысып біраз ақпарат алған «нағыз мұсылмандар» жолда, Қарағанды қаласынан түсіп қалды.

Астанаға аман-есен жеткен соң, дін туралы терең білімі жоқ Әлия, мешітке барып жөнін білгісі келді. Себебі, әдебиет саласында болғасын оқыған шығармалар да, діни сабақтар да бұл кісілердің айтқанындай сөздерді аса көп естімеген. Сондықтан сәл күмәнді еді.

Сабағынан шығып мешітке барды. Қабылдайтын ұстаз түскі асқа кетіпті. Ол да асханадан жүрек жалғап алғысы келді. Тапсырыс дайын болғанша, айналасындағы адамдарға қарап отырып, өзге үстелдегі жарасымды жаулық таққан, жүзі нұрлы кісіні бірден таныды. Жаңа

суретін мешіт ұстаздарының жұмыс кестесінен көрген. Қарсы үстелде өзінен көз алмай қарап отырған жігітті байқап, қысылып қалды. Ас алдыға келгесін көзілдірігін шешіп ұялы телефонының жанына қойды. Жаулықты ұстаз тамақтанып болып жүре бергенде, ертерек ескертейін деп жанына барды. Бұйымтайын айтып еді, ол кісі бүгін түстен кейін қабылдамайтынын айтып ертең келуін өтінді. Орнына қайта жайғасып, тамақ ішіп болғасын қайтуға ыңғайланды. Осы кезде қарсы үстелдегі әлгі жігіт келіп:

– Кешіріңіз, Мадина, халіңіз қалай? Мен сізді бұл жерден көремін деп ойламап ем.

– Кешіріңіз, сіз мені біреумен шатастырып тұрсыз.

– Жоға, сізді анық танып тұрмын. Мадияр қалай?

– Түсінбедім, менің есімім Әлия.

– Шынымен бе? Мәссаған, айыпқа бұйырмаңыз! Әскерде Мадияр деген жігітпен жақын дос болып едім. Ол маған қарындасының суретін көрсеткен, сізден аумайды екен. Оның үстіне ол да Астанада оқитын еді. Ұят болды, айыпқа бұйырмаңыз, қарсы болмасаңыз сонда да танысып қоялық. Екеуі мешіт асханасынан шығып бара жатып, көзілдірігін қалдырып кеткені есіне түсті. Қайтып келсе орнында жоқ. Алдияр күзетшілерден, отырған кісілерден сұрап еді ешкім байқамаған. Ары бері іздеп таппады, өзінің ұмытшақтығын кінәлады. Бір жағынан жігіттен ұялып, аса зәру болмағасын іздеуін қойды. Алдиярға рахметін айтып қоштасты.

Кешкісін номерін қайдан алғаны белгісіз, Watsapp, VK әлеуметтік желісінде достық жіберді. Ертеңінде сабақтан үлгере алмай мешітке келе алмады. Алдияр жиі хабарласатын болды. Әңгімелері жарасымды. Арада бір апта өтті.

Кітап оқуы көзілдіріксіз қиын болып жүргенде, Алдияр қоярда қоймай жаңадан көзілдірік силады. Дін туралы сұрақтарын өміріне енген жігіт ұмыттырған. Байқаса олда намазхан екен. Әлгі сұрақтардың жауабын береді және тамаша «уағыздар» айта алады екен. Ол өмірдің жаңа арнасына түсті.

Дінге қызығушылығы артқан соң, өз орталарына шақырды. Әпкелермен таныстырды. Әлия сабағына келуін сиретті. Достарымен де бұрынғыдай қарым-қатынаста емес. Дәрісте соңғы парта жаққа барып, діни кітаптар оқып отырады. Бөлмедегі қыздарға анау-мынауың дұрыс емес дейтінді шығарды. Олармен сиыспай жүріп, өмірдің құнсыз екенін, намазсыз адамдар кәпір екендігіне көзі жете бастады. Бұл алдамшы дүние, мешіттегілер бұған қарсы, достары олар да адасқан тозаққа баратын күнәһарлар. Паранжа киген әпкелердің нұсқауымен Алдиярмен некелесті. Университетке барса болды достары ақыл айтатын болды. Анасы да жиі ренжиді, көп хабарласпадың деп. Өзгелердің сөзін көп тыңдамауға тырысады. Себебі олар мұның жәннатқа барар жиһадтың жолына кедергі, күмән келтіреді.

Үйленгеніне бір ай болды. Жасырын, ешқандай тойсыз. Тіпті анасы да хабарсыз. Сабаққа қатыспай кеткен соң деканаттың шақыруымен анасын алдырды. Қайран шеше көз жасын төгіп-төгіп оқудан шығармауын өтініп, қызының аузынан уәде алды. Кезіндегі асыл анасы, қазіргі намаз оқымайтын «кәпір» шеше. Ол кісінің айтқанын орындауға болмайды екен. Мақсатқа кедергі. Бәрімізді жаратқан бір Алла бұйрығы жолында жай ғана шешенің ақыл айтқаны садаға. Себебі анасының айтқанын орындап сабаққа келіп жүргелі бері отағасы: «мені көп ренжітіп күнәға батып жүрсің. Менің рұқсатымсыз үйден шығуыңа болмайды» деді. Және әпкелерінікі сияқты көзінен басқасын қара паранжамен бүркеуі керек. Қазіргі киіп жүрген жай орамалы жарамсыз. Бір күні Алдияр талақ айтып шығып кетті. Жылап-жылап не істерін білмей қиналғанда әпкелері келіп ақыл қосты. Күйеуіңді разы қылмай талақ алдың, бұл өте үлкен күнә. Бұны шаю үшін, Алланың разылығына жету керек. Алланың разылығы – Жиһад жасауда. Қолына қару алып соғыса алмайтыны себепті, жиһад жасап жүрген мұсылман жігіттер үшін жыныстық жиһадқа бару керек. Оларды разы етсең, Алланы разы еткенің. Онсыз да ешқайда симай отырғанда, әрі Алланың қаһарына ұшырағанда, құтылатын жалғыз жол осы болды. Кетуге киімін реттеп жатқанда, киім сөресінен Алдиярмен алғаш үш ай бұрын танысқандағы қыстық пальтосын көрді. Әйелдік құштарлықпен, бір жағынан өкінішпен, сол кездерін сағынышпен еске алып, киімді құшырлана иіскеп құшақтап еді.

Қалтасынан әлдене бұған батты. Қол салып қараса, көзіне оттай басылды. Өзінің бұрынғы жоғалтқан көзілдірігі. Қасында конверт бар. Ашып еді өзінің Vк-дағы суреті мен хат. Хатта: *Бұл қыздың есімі Әлия, пойызда таныстық. Біз өз міндетімізді атқардық. Оның университетінде оқитын ахиларымыз оны үнемі бақылауда ұстасын. Біздің айтқандарымыз бойынша мешітке барып сұрауы мүмкін. Мешіттегі ахилерге де суретімен ақпарат беріп, жолын тосып, өзімізге тартыңдар. Қорықпаңдар, тірегі жоқ, жалғыз шешесі бар. Әдемі, ақылды қыз. Жиһадтағы ахилерімізге бұл қыз үлкен сыйлық болады. Ұялы телефон мен интернетке бұл хат шықпасын, қауіпсіз осы таныс қолдар арқылы таратыңдар. Ассалаумағалейкүм!».*

Әлияның көз жасы ағыл-тегіл ақты. Паранжасын шылқытып жіберді. Оны бетінен жұлып тастайын десе әлі де қорқады. Есіне өткен күндері түсті. Достары. Достары демекші тобындағы сері жігіт есіне түсті. Олда намаз оқитын білімді еді. Соңғы рет сабаққа барғанда оның берген хатын ойлады. Ол кезде күйеуі бар әйелдің өзге жігіттен хат алып оқуы күнә болғасын қорыққан. Алайда жүрегінің түкпірінде ұшқындаған тәтті сезімі қолын қайтартпай, сөмке түбіне сүңгітіп жіберіп еді.

«Әлия біз сені сағындық... Неге бізді тыңдамайсың? Қатты өзгердің, Намаз оқы, әрине, жақсы парызың. Бірақ қалай оқып жүрсің? Тарихымызға тереңірек неге үңілмейсің. Кешегі әжелеріміз, аналарымыз, бәрі кимешек киді емес пе?! Өзіңдей бойжеткендер де шашын өріп, бөрік киіп, қос етек көйлекпен әуретін жаптығой. Ал әдебін сыңғырлаған шолпысы күзетті. Шын мұсылман боламын десең әуелі нағыз қазақ бол. Адасып жүргенің, дәстүр тарихыңды танымауыңда, сенің қасыңда жүргендер де білімсіздіктен адасып жүр. Әлі кеш емес, ортамызға орал. Әлия, біз сені сағындық!».

Ерболатова Гүлім Ерболатқызы
Шәкәрім атындағы
Семей мемлекеттік университеті
филология факультетінің 2-курс студенті

МАҚҰЛЫҚ **(новелла)**

“Мақұлықтың” азан шақырып қойған аты – Жақсылық. Бірақ ол туғаннан өз есімін естіген жоқ. Ес біліп, етек жинағаннан бергі аты – Мақұлық. Мұны әуелі көрші балалары, содан соң көше балалары, бара-бара бүкіл ауыл тұрғындары білді. Анасынан туғанда-ақ көзі шарасынан шығып, тілі мүкіс тартып, құлағы кереңге айналған жас жігіттің аяқ-қолы сау, жүріс-тұрысы ширақ. Елдің сөзін құлағы кеміс болса да естиді. Тілі сақау болса да маңайындағыларға былдырлап бірдеңе айтады. Ішіп-жемі де ел қатарлы. Бірақ үйден көп шықпайды. Өзін “Мақұлық” атайтын жұртты көргісі келмейді.

Анасы а, дегенде ат қойып, айдартаққыш қалың жұртпен – Жақсылығын “Мақұлық” дегендермен арыстанша айқасып бақты. Бірақ көптің ауызына қақпақ бола ала ма, айғайлай-айғайлай қойған. Тіпті, сол “Мақұлық” деген атқа да құлағын үйретіп, көңілін де сендіріп алған сияқты. Ана ғой. Өмірінде жалғыз көрген Жақсылығы – осы. Жазығы – атың өшкір полигон аймағында туғаны ғана. Ел “Мақұлық” деп атаса да, мұның жанына ол – әрқашан медеу. Елдің миға шұқығандай етіп, көпе-көрнеу милау қылып атағаны ананың жанына қатты батады.

Ат қойып, азан шақырғанда өзі берген есімін ол дұғадай көреді. Соқталдай болып өскен азамат болса да, жатарда да, ұйқысынан оянарда да – “Жақсылығым, Жәкөнтайым” деп отырады. “Күдай бере салғаным, құрсағымды жарғаным, қу атадан қалғаным” деп өлеңдетіп қоятынын қайтерсің?!

Пенде емес пе, көрші-қолаңның, бала-шағаның өзін “Мақұлық” деп мұқатып атағанына да, айғайлап шақырғанына да Жақсылық тіпті ет үйретіп алған. Құлағына сіңген Мақұлық деген атқа ыржалақтап мәз болып, күлетіні де бар. Жақсылық мектепке барған жоқ. Барған жоқ емес-ау, барды. Бірақ мектеп қабылдамады. “Мұндай балаларды үйден оқытамыз, өзіміз барып үйретеміз” деп шығарып салды. Шешесі базардан пұлдап сатып алған үлкен портфелін де, оған толтыра салған әліппе, ана тілі, математика сияқты толып жатқан оқулықтарды да, түрлі-түсті қарындаш, қаламдарды да 1 қыркүйек күні ел қатарлы алып барып, алып қайтты. Оқуы сонымен бітті. Оған, қиналған Жақсылық жоқ. Уайым тартқан анасы ғана. Түн баласында Жақсылығы тәтті ұйқыға кеткенде көзінің сорасын ағызып жылап-жылап алады.

Алғашқыда “сәбилі боламын, ұлды боламын” деп алақайлап қуанып жүріп, Жақсылық дүниеге келген күннің ертеңінде-ақ өз босағасынан өзі безіп кеткен күйеуін қарғап-сіледі. Бәлкім ол қасында болса, уайымын қақ бөлісіп, қайғысын қатар көріп отырар ма еді, қайтер еді... Амал не?!

Жаздың жайдары күндерінің бірі болатын. Жақсылық айналасындағы тіршілік атаулыға бейкүнә сәби жүрегімен, көңіл көзімен үңіліп-үңіліп қояды. Мынау аппақ дүние оның осынау тәтті тіршілігінің өзін жапанға жария еткендей. Үйдегі анасы әлдилесе, түздегі табиғат бесігі тербетіп, теңселте түскендей.

Кенет Жақсылықтың дәл төбесінен біреу таспен атып жібергендей болды. Жалт қарады. Көрші үйдегі сотқар Жандос екен, қолында портфелі бар. Мектепке бара жатқан беті. – Әй, Мақұлық, жүр мектепке барайық. Сені сұлу қыздармен таныстырамын, – деген сөз Жақсылықтың жанын жайнатып, үмітін тұтандырғандай болды. Күліп, ыржалақтап көрші баланың соңынан ере бергені сол еді, ол оған жердегі тасты қарша боратты. “Мақұлықтың дәмесін қара!” деп мазақтап қояды. Жақсылық бұдан ары шыдамады, жерден жұдырықтың үлкендігіндей ауыр тасты бар пәрменімен алды да құлаштай тұрып, сотқар балаға атып ұрды. “Бата тимесе, қата тиеді” деген осы. Дәу тас мазақшыл баланың маңдайын жарып жіберді. Қаны судай ағып, бет-аузын жауып кеткен бала талып түсті. Айқайдан жүгірісіп келген көрші қолаң да, сотқар баланың ата-анасы да жерде сұлық жатқан денені өлді деп ойлады. Бірақ өлмепті. Ауруханаға түсті. Жақсылықтың сол күні елден естімегені жоқ. Танитындар да, танымайтындар да ұрып, ұрсып жатыр. Аяулы анасының да елден естімегені жоқ. “Қабаған ит екеш итті де үйіне байлап ұстайды, жынды баланы неге далаға шығарасың, біреуді өлтірсе қайтесің?” – деген сөздер байқұс ананың жанын қатты жаралады. Ол сұқ саусағын шошайтып келіп, пеш түбінде қасқыр көрген қояндай бүрісіп, екі көзі жыпылықтап қатты қорқып отырған Жақсылығын желкесінен нұқып-нұқып жіберді. “Әй, Мақұлық-ай! Сенен көрмегенім жоқ болды-ау, көрге тыңғылғыр-ай, тумай кеткір-ай!” – деді содан соң. Жақсылық басқа сөзді естіген жоқ. Анасының аузынан “Мақұлық” деген сөзді тұңғыш рет естіді. Тұңғыш рет естіді де тұнжырап, далаға шықты. Далаға шықты да бойындағы барлық күш-қуатын жинап алып, бар пәрменімен Қарауыл төбеге қарай зыта жөнелді. Сол кеткеннен қайтқан жоқ. Кешкі апақ-сапақта жоғалып кеткен баланы анасымен бірге бүкіл ауыл тұрғындары жабыла іздеп, тау етегіндегі қураған кәрі ағаштың түбінен тауып алды.

Бұл сонау 1989 жылы Қарауыл төбе басында өткен “Невада – Семей” қозғалысынан қалған соңғы белгі болатын. Дәл жанында “Бұл жерде болашақта атом алапатына қарсы монумент орнатылады” деген сөз жазылған құлпытас бар. Өзін ешкімге керегі жоқ сезінген баланы қарт Қарауыл бауырына басқандай...

P.S. Қалада жүргізілген медициналық сараптама – “жүрек қабы жарылған” деп ұйғарым жасапты...

МҰҢЛЫҚТАР

Тау жақтан қоңыр салқын леп еседі. Жаздыгүнгідей ыстық, самал жел емес, ызғарлы. Жайқалған бүлдірген, жайнап өскен қызылды-жасылды гүлдер, көкмайса шалғынды көк бел

жоқ қазір. Айнала біткен сары түске боялған. Ағаштың жапырақтары түсіп, жетім қозыдай жалғызсырайды. Бұлттардың арасынан әлсіз қарап, сығалап тұрған күннен жылу да тарап жатқан жоқ.

Уақыт зымырап, тіршілік өз ағымымен жүріп жатыр. Таудың бауырында жалғыз үй қоныстанған. Бұл үй – Қасым атаның үйі. Үй дегені болмаса соншама жүдеу, қараңғы қапас сияқты. Тұрмыстың жұтаңдығынан, қолдың қысқалығынан бұл үй қараусыз қалған. Пешінің өзі лаулап жанбайды, үстіндегі шәугім-шәйнегінің түрі анау, күйелеп қойған сияқты. Әйелі жоқ үйдің тірлігі де алға баспайды-ау...

Қасым атаның кемпірі анау жылы қыста қатты сырқаттан дүние салды. Дүние салды дегені айтарға ғана. Әйтпесе, адам айтқысыз азаппен өлді. Дерті – қылтамақ. Онсыз да еттерісі сүйегіне ілініп тұрған арық адам еді. Екі-үш ай нәр сызбаған соң құр сұлдері қалды. Бір кезде шұғылалы нұр шашып тұратын аялы көздері апанның аузындай үңірейіп, шүңірейіп кетті. Қасым қарт сонда қатты жылады. Азын-аулақ ғұмырдың тең жартысын бірге өткізген аяулы жарының Алланың кәріне ұшырап, осындай бір аяусыз ажалдың тырнағына ілігіп, айдың-күннің аманында аштан өледі деп кім ойлаған?! Тіпті, бір жұтым қара суға зар болып зарлағанда, мұның қу далаға қаңғырып, қашып кеткісі келген. Амал не, бәріне шыдады. Бәйбішесін ел қатарлы арулап қара жер құшағына тапсырды. Жылдық асын беріп, енді еңсесін тіктеп, көзінің жасы құрғай бастап еді, аяқ астынан әскер қатарында жүрген жалғыз ұлы Самат жарымжан болып ауылға оралды. Жәй сырқат емес, аңдаусызда оқ тиді ме, аңдып жүрген сөз тиді ме, кім білсін, аяғымен кеткен атпал азамат мүгедек болып оралды. Қос аяқ қозғалыссыз. Төсектен тұра алмайды. Алдына әкеліп бермесе, өз-өзінен ас ішуден қалған. Жаны шықпаған соң амал не, атар таңды, батар күнді көзі бақырайып жатып қарсы алып, мазасыз күй кешеді. Қасым қарттың қайғысы осы болса, Саматтың қайғысы бұдан асқан.

Мектепті жақсы бітірді. Таза беске оқымаса да, беделді, бетті шәкірттердің бірі болды. Талдырмаш ұзын бойына келісті кескін-келбеті де жарасып, айналасына арай шашып жүретін. Қыз атаулы қыр соңында. Шопан, бақташылардың балалары жатып оқитын пансионатта тұрды. Аздаған ақындығы да болды. Жас жүрегін елітіп, арман-қанатына ілестірген ғашықтық жырларын тор жолды дәптерге баяғыда толтырып тастаған. Сүйген қызы – Гүлжанат. Недәуір бай, бай-қуатты, әлді жанұяның қызы. Қараторының сұлуы. Әсіресе, сыңғырлап күлгені, жылы жымығаны мұны есінен тандырады. Сабакты да жақсы оқыды. Оқу озаты болды. Мектеп мұғалімдері аспанға көтеріп, алақанына ұстаған болашақ “Алтын белгі” иегері де сол.

Гүлжанат та Саматтың өзіне деген іңкәр сезімін, ғашық жүрегін байқамай қалған жоқ. Ел көзіне қаншама сұлу, тәкаппар болып көрінсе де, Саматтың алдына келгенде өте момақан, жуас, дәрменсіз болатын. Балалық махаббаттың бал дәурені зымырап өте шықты. Екеуі де ҰБТ тапсырды. Гүлжанат жоғары балл жинады да, Саматтың ұпайы төмен болып қалды. Сол жылы күзде әскер қатарына алынды. Гүлжанат бір топ студент құрбыларын ертіп келіп, мұны шығарып салды. Кетерінде дәл бір Самат соғысқа кетіп бара жатқандай қос жанары моншақтап, өксіп-өксіп жылағанын қайтерсің?! Сағынышты хаттар бір-бірінің іңкәрлігін жеткізіп тұрды. Ендігі түрі мынау, тар төсекке таңылып жатыр. Гүлжанат мұны ұмытқаны қашан, былтыр бір-ақ рет хат келген. Хат емес-ау, қаралы үкім сияқты. “Самат, жағдайды естідім, менен күдерінді үз. Мен енді сендік емеспін!”. Саматтың төбесінен жай түскендей болды. Қос қолымен бір жапырақ қағазды умаждай мытылап, өкіріп жылады. Үйде ешкім жоқ болатын. Мұның өкірген қатты дауысын естіп сыртта жүрген орыс шалы жүгіріп келген. “Что случилось, сынок, что случилось?” дегеннен басқа сөз аузына түспей, аңырып тұрып қалды. Самат үндеген жоқ. Өзінің ер азамат екендігі есіне енді түскендей, “Да, ничего брат, пусяки” деп теріс қарап жатып қалды.

Орыс шалы деп отырғанымыз – осы шаруашылықтың қожайыны Мықтыбектің жер мен көкті кезіп жүріп әкеліп берген көмекшісі. Мал бағуды білмейді. Аттан ата жауындай қорқады. Ол пысқырып, дәл бір әзірейіл келіп қалғандай, үй жаққа далбаңдап тұра

қашады. Мұның бітіретін жұмысы – қора тазалау, қи ою, қолда қалған ұсақ-түйек малдарға су беру, шөп шашу, тағысын тағылар. Қыста күніне екі рет от жағады. Күл алып, қи толтырып, шырпы тұтатқаны болмаса, отты да жарытып жаға алмайды. Бықсытып, сасытып жүргені. Бірақ, ұлты басқа болса да, адам баласы ғой. Қасым қартқа да, оның жарымжан баласы Саматқа да жанашырлықпен қарайды. Өте адал, кішіпейіл. Ұрсып жатса да, айғайлап жатса да қарсы дауыс көтеріп көрген емес. Енді қайтсін, оның да бар тіршілігі осы екі мұңлықтың қолына қарап қалған. Солар не ішсе, соны ішеді, не жесе, соны жейді, не кесе, соны киеді. Елуді еңсеріп қалған орыс азаматының көрген құқайы да аз емес. Он шақты жылын темір тордың ар жағында өткізіпті. Ұсақ-түйек ұрлық жасағаны бар, қойшы әйтеуір, бірқыдыру қылмыстардың жазасын мойынымен көтеріп, отырып, өткеріп қайтқан. Жанұясы жоқ. Жоқ емес-ау, бар. Бірақ олардың қайда екенін өзі де білмейді. Әйелі, бір-екі баласы бар еді. Олар бұл алғаш түрмеге түскен жылдардан бастап ғайып болған. Қайда екені де белгісіз. Енді міне, дәм айдап, тағдыр жазып, Шыңғыстау деген таудың етегіндегі жалғыз қыстаққа жан сақтап, көптен бері тіршілік етіп келеді. Ешкімге сенбейді, ешкімге ермейді, ешкімді сағынбайды. Мұның алғашқы екі мұңлықтан артықшылығы да сол. “Қайғысыз қара суға семіреді” дегендей, қайғысыз, қамсыз хайуан тірліктің иесі де осы.

Тірі адам тіршілігін жасайды. Ешкімге керегі жоқ үш мұңлықтың басын қосып тұрған бір-ақ нәрсе, ол – тән азығы. Арман, үміт, қиял, мақсат деген қасиетті сөздерден тұратын жан азығы бұл жерде жоқ. Мұңлықтардың мұңды жанын, тауқымет-тағдырын кім елеп, кім көріп жатыр...

Әне, тағы да бір кеш батып келеді. Көкжиекті алқызыл бояуға бояған Шыңғыстаудың қызыл іңірі. Қораға маңырап қой қамалды. Азан-қазан мөңіреп өрістен сиырлар қайтты. Дала жыртқышынан қорыққан табын-табын жылқылар ауыл маңына келіп шұрқырасады. Мұның бәрі біз айтып отырған үш мұңлықтың байлығы емес, бағана ғана сүліктей қара “Джипке” мініп, келіп қайтқан жас қожайынның дүниесі. Сасық үйге бас сұғуды ар санаған ол есіктің алдына қытайдың ала дорбасын тастай салған. Орыс шалы оны жаңа көрді. Көрді де қарны шұрылдап қоя берді. Тайлағыштың жібімен тарс қылып байлап тастаған аузын әрең ашып, апыл-ғұпыл қарап жатыр. Бес-алты темекісі де бар. Көмекші орыс бір темекінің қорабын асығыс ашып, бір талын ерініне қыстырып, сорып-сорып жіберді...

Жалелов Дәулет Серікұлы
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университеті
филология факультетінің студенті

*

МӘНГІЛІК ЕЛ

Самұрық құс бәйтерекке қонды шын,
Тыныштыққа қалағанбыз нар мүсін.
Бірыс-күттың шаңырағын көтерген,
Көк байрақты Мәңгілік ел армысың!

Мен қазақпын, ол – алаштың ұраны,
Мәңгілік ел, қазағымның тұмары.
Нұр ағамыз бейбіт күннің айнасы,
Қалықтаған дархан елдің қыраны.

Туған елге сәуле берген алып күн,
Күнім барда жарықпын мен халықпын.
Аламанның ортасында топ жарып,

Мәңгілік ел екенінді таныттың.

Мейлі қыран, мейлі құмай ұларсың,
Әлем сенде биіктерге шығарсың.
Кең дүние туған елге келсеңіз,
Мәңгілік ел, екенімді ұғарсың.

Көмейіме күміс өлең құйылған,
Қазақстан қыздың жүгі жиылған.
Мәңгілік ел, Отанына айналу,
Қазақ елі маңдайына бұйырған.

*

АЛАМАНДАҒЫ ОЙ

Дәстүріне қанып өскен құндақтан,
Қолтық сөгіп аламанды тулатқан.
Бозайғырды ауыздықтап еншілеп,
Қиқу салпып, бозбалалар шулатқан.

Аламанның бақ қоржынын ақтарам,
Көшпендіде болмас әсте ат шабан.
Себебі ол менің бабам алашым,
Тұран далам, Түрік бабам баптаған.

Аламанға түскен тұлпар жебедей,
Дүбіріне дүбір қосар телегей.
Іш дем тартып, қас жүйрігің көсілер.
Тұғырды да мәрені де елемей.

Аламанда қас жүйріктің шабысы,
Байқалмайды-ау нағыз мәре алысы.
Қамшы баспай, арындайды жас бала,
Бәлкім солай шабысты аттың намысы.

Үміттеніп көрермен тұр дәмеден,
Бозайғырың бір-ақ шықты мәреден.
Тұлпар жеңу, тұлпар келу маңызды,
Өнеге ғой, келе жатқан көнеден.

Суытбастан бозайғырдың терісін,
Аралауда қалың дүйім ел ішін.
Той-думанды атқарады қазағым,
Бір мүдде бар бірлік деген келісім.

Делебені қоздырады дәстүрім,
Алтын ғасыр есігіңді аш бүгін.
Біз аламан бағындырған Шұбар ат,
Тар заманда білдірмейтін аштығын.

Рухы – асыл, бабам сөзге үңілген.

Әлімсақтан дәстүріне жүгінген.
Төрт таңбаны тарихыма қашауға,
Қазанаттар келе жатыр дүбірмен.

Зейноллақызы Мереке
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филология факультетінің
4-курс студенті

РҰҚСАТ ЕТСЕҢІЗ

Алматы көктемді жатырқап жатқанда,
Көңілдің үміті жасырқап ақ таңға.
Ой түртіп, оятып, бейнеңіз оралып,
Он екі сағаттан жиырма бес асқанда.

Ақ қарды ерітіп, қаладан кетер сыз,
Көрмеген екенмін бұрында, кешерсіз.
Сағыныш кернеген көңілім аңдаған,
Жоғалған бағыма ұқсайды екенсіз.

Мендегі сағыныш тәттілеу, көңіл - жыр,
Жаратқан сыйлаған ерекше өмір бұл.
Шынымды айтайын рұқсат етсеңіз,
Мен сізді мазалап, арбағым келіп жүр.

Босатып содан соң құрсаудан түн мені,
Өткеннің жоғалып жабырқау іздері,
Ұнатып, жұбатып, рұқсат етсеңіз,
Иелік етейін сезімге сіздегі.

Ұйқысын қиған ед тәттілеу түн қашан,
Қараңғы аспанның мұңымен мұңдасам.
Сұрағым келіп жүр рұқсат етсеңіз,
Сіздегі жүректі бола ма ұрласам?

ИЕСІНЕ ЖЕТПЕГЕН ХАТ

Баурап алып, сейіліп кеткен түсім,
Бөтен едік, бөлектеу еткен ісім.
Бейтаныс ек...
Екі әлем.
Екі ғұмыр...
Мені өзіңе байлаған неткен күшің?!

Мұңың, сырың анық-ау, таныс қайғың,
Бірде егіз -
Бірде енді алыстаймын.
Бейтаныс ек...

Бөтен ек...

Жолықтың да,
Неге жүрек төрінде қалып қойдың?

Әлде сенің көңілің тоймай мұңға,
Бата түссін деймісің мұздай сырға.
Ойдан кетпей жүргенің біреу сені -
Ұзақ жылдар сағынсын деп ойлайсың ба?

Аманаттап үмітті күзді күнге,
Ілініп ап сыр түннің түндігінде.
Маза бермей жүдетіп, жабықтырып -
Ұмытпасын деп жүрген тірлігің бе?

Маңдайыма жазылған сеңгірмісің?
Елестейді кейде алыс бұлдыр мүсін.
Әлде сенің сынаған түрің бе екен,
Шыдай түссін тағы да деп жүрмісің?!

Мен сырымды айтайын тағы кімге,
Сенсіз ғайып өмірдің мәні мүлде.
Мен төзермін, төземін, дегенменен -
Сен шыдамай сағынып қалып жүрме...

СӘТ

Жабырқатып жанымда жүрмегенің,
Құшағыңда кірпігім ілмегенім.
Шипамысың, ембісің,
кезікпесең,
Орынымды басады сүлде менің.

Үн қатпадың жанарымыз түйіскенде,
Намыстанып мен де сосын үндемедім.

Сөзім таппай алдыңда күрмелген ем,
Іздеуменен қараңғы түндерден ем.
Есін алып сендегі көңіліңнің,
Жүр екенсің, жарығым,
кімдерменен?

Тілдесуге бір мезет үлгермедің,
Ойша сүйіп мен сені үлгерген ем.

Қызғаныштан көңілім жырақ күйіп,
Жаным бөтен жаралған бір-ақ бұйрық.
Шара таппай сенделген сағыныштан,
Маза қашқан мендегі тұзақ күйді ұқ.

Қалай бақыт құшайын сеніменен,
Кезігемін күніне бір-ақ минут!

Тұра тұрсын жауыны құймай күздің,
Сағынышты есілген тыймайтынмын.
Өкінсем бе, білмеймін, өкпелесем,
Мен сендегі жүрекке сыймай тұрмын.

Сен қарайсың танымаған кейіппенен,
Мен өзінді, жарығым, қимай тұрмын!

Төніп алып көңілдегі жыра бұлты,
Сырдың алтын мендегі бұла кілті.
Тоқтап қалсын осы сәт сырғымастан,
Жанарыңды, жарығым,
жұма тұршы.

Сәл жаныңда жылынып, жұбанғанша,
Кетпе, күнім, тағы да тұра тұршы?!

Ойлауменен өремін күрең кешті,
Үмітім мен өкініш үзеңдесті.
Өзің жақтың самалын итермелеп,
Сағынсын деп әкелді түндер лепті.

Жүрегімді қалдырып өзің жақта,
Мекеніне сенделіп сүлдем кетті...

Ибрагимов Алтынбек
Сулейман Демирель атындағы
қазақ-түрік университетінің
4-курс студенті

МҰСТАФА

*

Қасірет

Қате болып бағдары, жорамалы,
Өтті талай заманның зобалаңы.
Жерінен де айрылды момын қазақ,
Малынан да айрылды қорадағы.

Елдің қанша атылды зиялысы,
Абақтыға жабылды би-арысы.
Ақ, қараның ауысып орындары,
Шөлдің құсы боп кетті қия құсы.

Қайда барса қайғы-мұң тосар суық,
Кетеді екен шыбын жан қашан шығып?!
Тоз-тоз қылып жіберді елдің ішін,
Жайлағанда сұрапыл ашаршылық.

Тартпаса да табаны бөтен жерге,
Тұл тағдырға бағынып өтер пенде.

Кіндік кескен ауылын қимай-қимай,
Кетті қанша бауырлар шет елдерге.

Таңба салып тарихтың от өрнегі,
Босатпады кеудені көтергелі.
Бір шоғыры шұбырған қазағымның,
Аспан асты өлкесін мекендеді.
Жат өлкеден ешқандай бақ таппады,
Кеуде соғып паң қытай асқақтады.
Дүңген менен,
Қазақтай аз ұлттардың,
Үстіне төніп тұрды тас шоқпары.

Тар заманмен тарылып өрісім кең,
Болып кетті әркімге бөліс іргем.
Көп қытайдан аз қазақ қысым көріп,
Үндістанға жылжыды соғысумен.
Жылқыны айдап,
Өскен ел
Құлынды айдап,
Қалды сорың қор болып бүгін қайнап.
Қаралы жұрт боздаумен көшті тағы,
Түйелерге азды-кем жүгін байлап.

Қасіреті тұрған соң қарша борап,
Болды ақыры туған жер баршаға жат.
Гималайдың шыңдарын басып өтіп,
Босып жүріп қырылды қанша қазақ.

Көшіп қайда бұл халық бармап еді?
Қайғы еді,
Көргені- зардап еді.
Үндістанға жеткенше арып- ашып,
Төрт мың жаннан тек мыңы қалған еді.

Бұл өлке де танытты суық қабак,
Сорлы қазақ суыққа шыныққан-ақ.
Өгей бала секілді жәутендетіп,
Өзге ұлтқа жатпады күліп қарап.

Тәуекелге байлаумен басын халық,
Тарыдайын әр жерге шашылды анық.
Шаршаса да шалдары жантаймады,
Ойнамады баласы асыр салып.

Жығылғанын,
Елемей сүрінгенін,
Бақыт іздеп басына жүгірді елім.
Көз жасынан артына із қалдырып,
Паналады ақыры Түрік жерін.

Желкесіне жабысқан ауыр індет,
Қиды қанша нарлардың тамырын кеп.
Түркияға барғанда туысқан ел,
Қабыл алды «қандасым, бауырым» деп.

Тауқыметтің тартса да дәмін қандай,
Болып тұрды бір қамал алынғандай.
Міне, солай қазағым жат мекенде,
Тұрып жатты өмірін әрі жалғай.

ҰРАН

Шегі теңіз,
Бұл өлке – Түрік жері,
Бабаларым бір болған түбіндегі.
Ұқастық бар салтында, дәстүрінде,
Ұқастық бар болмысы,
Тіліндегі.

Туысқан ел,
Бұл өлке – Түрік жері,
Бірге піскен қымызды күбіндегі.
Өзгешелік болғанмен үніндегі,
Айырмасы жоқ мүлде дініндегі.

Түрік жері,
Бұл мекен – Түрік жері...
Жүздерінен жатырқау білінбеді.
Шуақ шашып күні де күлімдеді,
Топырағы сыр шертіп күбірледі.

Ойнап өсіп Алтайдың даласында,
Көшкен елдің бүгінде бәрі осында.
Бір тамаша мереке өтіп жатты,
Түркияның Кайсері қаласында.

Жасыра алмай өнерге таңданғанын,
Жүрегінде халықтың жанды-ау жалын.
Айғайына түріктер айғай қосты,
Күрестіріп ортада балуандарын.

Тұрса егер тәңірім бақ бергелі,
Бұйырады орын да нақ төрдегі.
Алып дене, жойқын күш бір балуанға,
Қарсылыастың ешбірі шақ келмеді.

Өрге қарай домалап ісі жақсы,
Қайраты мен бойында күші тасты.
Бар адамды белдесе жер қаптырып,
Жігіттерді балуанның мысы басты.

Мықтылардың бұл жерде мың саны бар,
Арыстаны, аюы, тұлпары бар.
Әлгі балуан алаңда шіренеді,
Күресетін онымен кім табылар?
Батырлығы, айбаты байқалғалы,
Жолықпады қарсылас қайсар жаны.
Ажал күтіп алдында тұрғандай-ақ,
«Мен шығам» деп ешбірі айта алмады.

Мақтаныштан күмбірлеп көкірегі,
Нар балуанның көзінде от үдеді.
Тамашалап осындай қызықтарды,
Қазақтар да бір шетте отыр еді.

Сабырсыздық болса да ағат қылық,
Тұра алмады түріктер тағат қылып.
Күресетін балуаның бар ма? – деді,
Қазақтарға отырған қарап тұрып.

Қамшы болды осы сөз қаралы елге,
Қазақ талай алысқан дарамен де...
Кәбен деген бар еді бір балуаны,
Жауырыны тимеген қара жерге.

Тәнсе дағы басына сынақ тәмәм,
Батырлықты ел едік қуаттаған.
Жаншылса да жауының табанына,
Намыс туын қазағым құлатпаған.

Отыр еді қайсар ер ең шеткері,
Үстінде желбіреген кең шекпені...
Інісіне Құсайын қарап сонда:
Күшінді бір Кәбенжан көрсет! – деді.

Өтінгесін ағасы қасындағы,
Кәбен сонда дарынын жасырмады.
Білек түріп атылды боз кілемге,
Абыройын ұлтының асырғалы.

Қабағында батырдың көшеді бұлт,
Елдің сыбыр-күбірі өседі күрт:
Балуанына түріктің кім тең келсін?!
Жеңіледі бұл қазақ – деседі жұрт.

Екі мықты атылды бір-біріне,
Улап-шулап, көргендер дүрлігуде.
Әрі-бері сілкілеп қарсыласын,
Түрік жігіт ашуға мінді, міне.

Таусылмайтын мақсаты, арман кені,
Түрік балуан белгілі – арлан бөрі.

Салып бақты Кәбен де күш-қайратын,
Жеткенінше бойдағы әл-дәрмені.

Көз алдыңнан құбылып өтер елес,
Басталды бір керемет төтен егес.
Бар айласын, әдісін жұмсаса да,
Күші мүлде Кәбеннің жетер емес.

Сырттай бақылап бағасын беріп түрлі,
Бұл бәсеке халықты желіктірді.
Балуанының көрген соң басымдығын,
Жеңісіне түріктер сеніп тұрды.

Сеніп тұрды түріктер жеңісіне,
Балуаны да белгілі ел ішіне.
Қазақ ұлын тіреді тығырыққа,
Буырқанып симастан терісіне.

Барын салып бақса да барыс-ері,
Жеңіс мүлде қазақтан алыс еді.
Күш сарқылып, тұйыққа тірелсе де,
Құлатпаған Кәбенді намыс еді.

Түрік жігіт қысқанда уысына,
Қайсар ұлдың тарылды тынысы да.
Өз теріне шомылды арыс Кәбен,
Тағдырдың тап болғандай қылышына.

Ішкі рухтың тұтанса шырағданы,
Тосқауылдан өте алмас кім алдағы?
Шаршағанын Кәбеннің сезген сәтте,
«Қабанбайлап» қазақтар ұрандады.

Естілгенде бабаның аты күллі,
Тек алға ұмтылдырды батыл ұлды.
Қабанбайдың есімі аталғанда,
Қарсыласын ер Кәбен атып ұрды.

Жебеген соң жаратқан арқалы ұлды,
Қарсыласын езілген малта қылды.
Қасқағымда не болып, не қойғанын,
Жиналған ел түсінбей аңтарылды.

Хақ тағала Кәбеннің жолын ашты,
Беттерінен халықтың қаны қашты.
Бірер уақыт тыныштық орнады да,
Таңданған ел тағы да жамырысты:

Қайраты да, күші де, сірә, ғажап!
Кім болды екен, апыр-ай, мына қазақ?!
Міне біздің, өз туыс-бауырымыз!

Түбіміз бір түрік - Бұл, Қыран қазақ!..

Қайсар ұлттың топ жарып бүгін ері,
Сонда алғаш қуанып, күліп еді.
Өзіміздің түрік - деп,
«Өз түрік» - деп,
Айдар тақты Кәбенге түрік елі.

Жеңіп Кәбен күресте балуан кеуде,
Атағы да таралды алуан жерге.
«Өзіміздің қандас» деп түрік жұрты,
Сый-құрметке бөледі барған жерде.

Нұрландырып иманмен ақыл ойды,
Әрқашан тік ұстады батыр бойды.
Бір жылдан соң сол Кәбен ұлды болып,
Мұстафа деп ел жиып атын қойды.

ҚАРЫШТАУ

Айдарынан жел емес, от есіле,
Тартып туған Кәбендей әкесіне,
Алғыр, зерек бір бала келеді өсіп,
Кайсерінің сыймаған көшесіне.

Жарқыраған Шолпандай таңдардағы,
Бала еді Мұстафа жанған бағы.
Тауларындай қазақтың биік болды,
Түркияда өссе де,
Армандары.

Ақыл-ойға Мұстафа тұнып өсті
Пырағына қиялдың мініп өсті.
Түркияның жерінде туылса да,
Өзінің ана тілін біліп өсті.

Аңыз айту бүгінде, көмескі еді,
Аңыз емес, ақиқат - тез өскені.
Мұстафаның кешегі бабалары,
Қаракерей Қабанбай емес пе еді?!

Көтерсең де қиынын, ауырын нақ,
Қалған дұрыс өмірден тағылымды ап.
Тағдыр қандай сый берер бұл балаға,
Бәрі жұмбақ...
Пендеге бәрі жұмбақ.

Байлық берер бұл өмір бір адамға,
Жаудырады жұдырық құлағанға.
Қандай тарту жасайды тылсым өмір,
Ертеңіні адамдар біле алар ма?

Тербеткендей аққулар тұнық көлді,
Үзіп өтер әрқашан үміт торды.
Уақыт өтті,
Арадан жылдар өтті,
Мұстафасы Кәбеннің жігіт болды.

Қынаптағы қылыштай қайралғалы,
Жетеледі биікке ой заңғары.
Әкесінің кетті ол нұсқауымен,
Жоғары оқу орнына Тайваньдағы.

Алдындағы бұзғандай тас қамалды,
Сенімменен аттады жас қадамды.
Өмірдегі жемісі,
Жеңісі де,
Осы Тайвань жерінен бастау алды.

Тамаша сый тағдырдан балаң күтті,
Арман қусаң бар ісің болар құтты.
«Халықаралық саясат» оқуында,
Журналисттік таңдады мамандықты.

Сәуле шашса мол білім санасына,
Дүйім жұрттың айналар данасына.
Сәлемі мен жеткізіп өсиетін,
Кәбен сонда хат жазды баласына:

«Айналайын, құлыным, аманбысың?
Қияларға қанатын қағар құсым,
Мен өзіңе сенемін Мұстафажан,
Өзгелерден ерекше,
Табандысың...

Жалқаулықты – ел жаман олқылық дер,
Олқылықтар жасамас бөлтіріктер.
Арман қуып алысқа аттанған соң,
Шелегінді білімге толтырып кел!»

Ақтау үшін әкенің үміттерін,
Жол бермеді ойдағы күдікке мың.
Зейін қойып оқуға,
Ынталанып,
Білім үшін көп төкті жігіт терін.

Жүйрік уақыт тоқтамай сырғи берді,
Алға қарай қайсар ұл жылжи берді.
Ағылшын, кәріс, неміс, қытай сынды,
Оқып жүріп бірнеше тілді үйренді.

Түрлі-түрлі бұл өмір ашып сырды,

Күн секілді шуағын шашып тұрды.
Білім алып жүргенде Мұстафаны,
Жекпе-жегі шығыстың ғашық қылды.

Ғашық қылды шығыстың жекпе-жегі,
Үйренбесе қалайша шектеледі?...
Мұстафаның сілкінтті жан дүниесін,
Таэквандодай корейдің текті өнері.

Қызықтырып ерекше қимылы да,
Қанат бітті қиялдың тұйғынына.
Жатса-тұрса шықпай-ақ санасынан,
Бір ғажайып бөленді күй нұрына.

Білім менен спортты қатар алып,
Бой алдырып көрмеді қатаға анық.
Таэквандоның меңгерді алуан сырын,
Бақытына жол ашты шаһар алып.

Жетеледі таэквандо алыстарға,
Машықтанды Мұстафа қарыштауға.
Қазақ ұлы әлемді мойындатты,
Дүние жүзлік дүбірлі жарыстарда.

Бәсекеге барса да сан байрақты,
Қарсыласы жеңілді оңбай қатты.
Мұстафаның сүйсініп өнеріне,
Күллі халық тәнті боп таңдай қақты.

Айналғанмен жұлдызға аландағы,
Түскен жоқ-ты қолынан қалам дағы.
Журналисттік дипломын алып міне,
Оқуын да бес жылдық тамамдады.

Мұстафаға бұл спорт шабыт берді,
Болашаққа бағдар мен бағыт берді.
Иеленіп бес жылда алтыншы дан,
Қара белбеу беліне тағып келді.

ОРАЛУ

Арыстандай айбаты, білегімен,
Озып тұрды басқадан білерімен.
Асса дағы мерейі қаншалықты,
Бір сағыныш кетпеді жүрегінен,

Жері оған түріктің мекен еді,
Жат өлкені отан деу бекер еді.
Тарлан ұлды белгісіз бір құдірет,
Даласына қазақтың жетеледі.

Қанша биік болса да бақ-беделі,
Өзі тұрған мекенді жат көреді.
Патшадай боп жүрсе де өзге елде,
Атажұртқа келуді бақ көреді.

Бабам басқан тауларын, шоқыларын,
Аңсады ол күміс күй, от ұранын.
Самғап жетті Мұстафа қанат жайып,
Атажұрттың сағынып топырағын.

Өкінішін уайымын жойып түрлі,
Қазақ жері дертінен айықтырды.
Өз елім деп жеткенде өз баласы,
Атамекен құшағын жайып тұрды.

Алматыға қалықтап ұшақ қонды,
Кедергілер жатпады тұсап қолды.
Әжелердің шашылып шашулары,
Қызыл-сары гүлдерге құшақ толды.

Күтті халық батырын дүлдүлменен,
Күміс көмей, жез таңдай бұлбұл менен.
Ер Мұстафа жас алды көздеріне,
Күй төккенде домбыра күмбірлеген.

АНТ

Құшақ жайып ұлына көрген елі,
Орынын да төрдегі берген еді.
Мұстафаға ілесіп атажұртқа,
Журналисттер Түркиядан келген еді.

Келді олар көргенін жазу үшін,
Туыстықтың қазығын қағу үшін.
Журналисттер келген-ді Мұстафаның,
Жазу үшін еліне сағынышын.

Талай-талай аралап белестерді,
Түйіп олар көргенін көп ескерді.
Журналистер кетерде Мұстафаға,
Түркияға қайтуға кеңес берді:

- «Ал Мұстафа, көрдік біз кең даланы,
Мекендеген қазақтар ел-қаланы.
Тәуелсіздік бұл елге оңай келмес,
Байтақ жері – байлығы ең бағалы.

Оңайлықпен КСРО құламайды,
Өзің дағы болғайсың шын абайлы.
Қазақ әлі көп төгер қанын, терін,
Қиындыққа осал ел шыдамайды...

Аяқталды осымен жұмыс та бар...
Деме мұнда кесеме ырыс толар...
Сағынышың басылса біздерменен,
Түркияға қайтқаның дұрыс болар»...

Дұшпанына тұрғандай оқ атқалы,
Мұстафаның түйілді қабақтары.
Қаһарланып бәріне қарады да,
Сөздерімен түйреді, шабақтады:

- Жетер, жетер!
Бауырлар, доғарайық!
Сөйлесеңдер ойланбай болар айып.
Мен бәріне дайынмын елім үшін,
Түркияға демендер оралайық.

Мына дала атажұрт жерім еді,
Маған қымбат әр тасы, төңірегі.
Бұл мекенде бір тамшы қан төгілсе,
Ең бірінші менікі төгіледі!

Осылай деп сөздерін тәмамдады,
Жалын атып көздері алаулады.
Журналисттер қоштасты Мұстафамен,
Көндіруге басқа амал таба алмады.

Токтағанша өмірдің үні мүлде,
Тиісті емес тізесі бүгілуге.
Өз-өзіне ант берді Мұзбалақ ер,
Бар еңбегін еліне сіңіруге.

Ешқандай да салынбай нала-мұңға,
Жасын оты ойнады жанарында.
Кәрі-жасты Мұстафа сүйсіндірді,
Өз өнерін көрсетіп әр ауылға.

Өсірем деп халқымның қара нарын,
Дамыл таппай жүретін дара дарын.
Таэквандодай шығыстың спортына,
Қазағымның баулыды балаларын.

Тұрғаннан соң жар болып жаратқаным,
Бір ерекше қалайтын таң атқанын.
Шығарам деп қазақтан чемпиондар,
Қырандардың қатайтты қанаттарын.

БӘСЕКЕ

Жаны сүймей жағынып жан сақтауды,
Кесір істен қалайтын алшақтауды.
Батыл еді Мұстафа, жайсаң еді,

Білмейтұғын ешкімге жалтақтауды.

Сезінсе де сырт көзден қауіпті айқын,
Үрейленіп ешқашан қамықпайтын.
Отанымның мерейін асырсам деп,
Ертелі-кеш қиялмен қалықтайтын.

Жоспар жасап ертеңгі құс тағдырға,
Жастар ерді шәкірт боп ұстамды ұлға.
Таэквандодан әлемдік деңгейдегі,
Жарыс болды сол жылы Стамбұлда.

Мақсатыңмен болмасаң дос етене,
Көңіліңді бұл жалған хош ете ме?
Шәкірттерін Мұстафа Түркияға,
Баптап келді байрақты бәсекеге.

Батырлығы көрінген белбеуінен,
Қайрат-күші асатын шеңберінен,
Бақ сынауға келіпті өңшең сабаз,
Алуан-алуан әлемнің елдерінен.

Шеттерінен барлығы тарлан еді,
Талай жүлде сайыста алған еді.
Спортшының әрбірі мұнда келген,
Чемпион боп топты да жарған еді.

Көргеннен соң сан мықты дүлейлерді,
Шәкірттердің басына мың ой келді.
«Алтын алу біздерге бұйырмас» деп,
Жүрексінді, қорықты, үрейленді.

Қорқынышпен іштегі алысқанмен,
Белдесуге сескенді барыстармен.
Сенімсіздік танытты өздеріне,
Айқасатын бөрідей арыстанмен.

Саналарын бәрінің күдік алды,
Қайсарлықтың оты өшіп, күлі қалды.
Жігіттердің ішінде жатқан ойды,
Жүздерінен Ұстазы біліп алды.

Білектен күш, жүзінен айбат төгіп,
Жігерлерін қылыштай қайрап келіп,
Ер Мұстафа сөйледі сын сағатта,
Шәкірттерге сөзімен қайрат беріп:

- Қайнамасын десендер бүгін сорым,
Үрлеңіздер намыстың қызыл шоғын!
Екінші мен үшінші керек емес,
Керегі тек біздерге – Бірінші орын!

Сіздер үшін қойған бұл шартым анық,
Аспандағы жұлдыздай жарқыралық!
Керек емес қола да, күмісін де,
Қайтасыңдар отанға алтын алып!

Күдіктерің кетпесін жеңіп бөтен,
Белдеріңді буыңдар сеніп бекем!
Ақтамайтын болсаңдар үмітімді,
Стамбұлға бәріңді көміп кетем!

Жақсылыққа білген соң ұштасарын,
Берді ұстаз сөзімен қысқа тәлім.
Шәкірттері арылды қорқыныштан,
Қуат алып сөзінен Мұстафаның.

Намысының тіріліп бояулары,
Жетеледі жеңіске ой-арманы.
Қандай мықты саңылақпен белдесе де,
Нар жігіттер алаңда аянбады.

Бойындағы сарп етіп топта күшін,
Қорқып басын қатерден тартпады шын.
Жанын қорғап жарыста жалтармады,
Ұстазының үмітін ақтау үшін.

Мұстафаның орындап шартын әлгі,
Дірілдеуді, ұмытты қалтырауды.
Алшы түсіп додада асықтары,
Екі бірдей шәкірті алтын алды.

Туымыз да сол күні желбіреді,
Бұл жеңістің бағасын ер біледі.
Қуаныштан жас алып көздеріне,
Мұстафаның жүрегі елжіреді.

Көңілдегі еріді күмән қары,
Міне, міне,
Бағынды шың алдағы!
Азаматтың елім деп еңіреген,
Орындалды ойдағы бір арманы.

Дүбіріне көз тіккен ғалам барша,
Чемпион боп атанды балаң қанша.
Әлі талай жанады бағың қазақ,
Мұстафадай ерлерің аман болса.

МҰҢ

Уақыт тағы тоқталмай сырғып тұрды,
Тағдыр кенет қазаққа мұң жұттырды.

«Бұл өмірден Мұстафа озды» деген,
Суық хабар халықты дүрліктірді,

Қиындыққа ел үшін көнген ерді,
Өлді дей ме?!..
Ешбірі сенбеген-ді.
Халық оны өлімге қалай қияр,
Бар асылын есіл ер елге берді.

Қазағымның Мұстафа байлығы еді,
Қазақ үшін есіл ер ай, нұры еді.
Атажұрттың теңселді аспаны да,
Қара жер де сол күні қайғылы еді.

Халық оны өлімге қимай тұрды,
Көз жастарын еңіреп тимай тұрды.
Жиналған жұрт батырмен қоштасуға,
Көшелерге шұбырып симай тұрды.

Ажал қайдан белгісіз келгені сұм,
Көрсетті екен қандай күш ерге қысым?
Алып кетті денесін Түркияға,
Әкесінің қасына жерлеу үшін.

Қапалы ел артынан боздап қалды,
Қайғы кетті орнынан қозғап тауды.
Қазақ енді тудыра алар ма екен,
Мұстафадай мұзбалақ боздақтарды?!

Қоя алмай өмірдің түйінін де,
Көнді батыр жазмышқа иілуге.
Таэквандодан мұсылман баласынан,
Ешкім оның жете алмас биігіне.

Зарласақ та батырды жоқтаған боп,
Оның аты сенемін сақталар деп.
Көзін мәңгі жұмса да,
«Елім» деген,
Мұстафаның жүрегі тоқтаған жоқ!!!

Әлия ІҢКӘРБЕК

Сулейман Демирель Университеті
1-курс студенті

МАХАББАТ ЖЫРЫ

*«Менің ойымша, махаббат үш түрлі болады:
1. Бала махаббат. 2. Шала махаббат. 3. Мәңгілік махаббат»
Әзілхан Нұршайықов*

*

ГҮЛ

Мәңгілік жадымда бала күн,
Екеуміз ойнаған қыр есте.
Жүрегін жаралап даланың,
Сыңарын жұлып ең бір өскен.

Мен сонда шаттыққа бөленгем,
Сезінбей сол гүлдің соларын.
Ал саған білмедім Өлеңнен,
өзге не сыйлауға боларын.

Жұлдызды жылдарым бөтендей,
Беймезгіл көгімнен Ай қашты.
Өмір деп атайды екен ғой –
Жалғыздық жеңетін шайқасты.

Қызғалдақ көп бүгін, белес көп,
Уақыт қой бәріне кедергі.
Сүйікті болудан емес тек –
Сүюден қорқамын мен енді.

Бір шоқ гүл – парағы үміттің,
Мен жүрмін сырымды жазып тек.
Құшақ гүл сыйлаған жігіттің,
Кім айтты жүрегі нәзік деп?

Ескірмес естелік – бала күн,
Қорғаным сен едің мұң ессе.
Мен жиі жеңіліс табамын,
Осынау күресте.

Қарлыға Темірғали
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің
4-курс студенті

*

АЛМАТЫДАҒЫ ЖЫР

Менің күлгім келмейді, жылағым да...
Мекенім де белгісіз, тұрағым да...
Менің аппақ арым мен арманымды,
Сынадың ба, Алматы, сұрадың ба?

Өлең-өмір-өкініш – өтер мейлі,
Өткен іске өкіну бекер дейді.
Көтергенмен төсіне алып тауды,
Еркелікті Алматы көтермейді.

Кеше, бүгін, ертең де, бүрсүгіні.
Жылатады бұл шаһар мың сұлуды,
Кірпігінен жас болып үзілсең де.

Бұл Алматы білмейді күрсінуді.

Сезімге әмір жүрмейді, ойға – сана,
Адамдығын абайсыз жоймаса адам.
Алматыны мен енді жек көрмеймін,
Мені онша ұната қоймаса да.

*

Сізді тағы көргім келсе қайтемін?!
Сіз туралы білгім келсе қайтемін?!
Екеумізді бөліп тұрған жол ұзақ:
- Кешір дейді.
- Кешпеймін!

Ақ шағала болғым келді, қайтемін?!
Сіздің қолға қонғым келді, қайтемін?!
Алматым-ау, жүрегіме дерт берген,
Енді өзің айт емін!

Сізді тағы өкпелеткім келеді.
Сізді өзімнен өктем еткім келеді.
Мұның бәрі неліктен деп сұрадың
- Себебі сол... себебі...

*

БӘРІ ЖАҚСЫ

Жанымды егер ұғар болса бір адам,
Ол – сен дегем. Сені де Өмір сынаған.
Бізде екі Тағдыр еді, сол күні,
Мен Анаңның қазасына жылағам.

Екі аққу ек, бірақ бізде бір айдын,
Енді саған болар екен Шырай кім?!
«Сенсіз өмір сүрем» дедің,
Мен болсам –
Сенің жалғыз қалғаныңа мұңайдым.

Сен жаныңа мөп-мөлдір мұң жиған күн –
Мен жаныма мөлдір Сезім сыйға алдым.
Бағың үшін күресе алмап едің сен,
Әлсіздігіңе қиналдым.

Өлең – өмір. Мен жай ғана әріппін.
Сен үшін деп жанып тұрар жарықпын.
Арманыммен ойын ойнап жүріпсің,
Ал мен оны МАХАББАТ деп қалыппын.

... Бәрі жақсы!

Қастер Әкизаұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
физика-техникалық факультеті
2-курс магистранты

ЖАРАЛЫ КӨКЖАЛ

Қылышын сүйреткен қыстың қалшылдатқан қаңтар айы. Ақ қағаздай аппақ тау түні. Айнала ақ бесікке құндақтаған баладай тып-тынш. Үртіс неше күн бойы тоқтамай қар жауғандықтан бар тіршілік иесі қыбырлауға шамасы келмей, қиналған күйге тап болған. Тек бүгін түс ауа ғана басылған. Күннің ашылысына болар күн қатты суытқан. Неше күннен бері үңгірден шыға алмай нәр татпаған қасқырлар аш бурадай жарап жіңішкеріп алған. Үңгір ішін аштықтан тамақ іздеп қыңсылаған дауыстар толтырып кеткен. Көкжал қалайда азық табу керектігін өз міндетіндей сезініп, үңгір алдындағы тасқа шығып алысқа көз тастады. Қуалап жүріп ұстайтын қоңыр аңның да кенеуі кеткен кез. Көкжалдың көзіне сонау етектегі қазақ ауылдары көрінді. Бағызыдан бері бұл малшылармен «ауылы аралас, қойы қоралас» көрші өтіп келеді. Әрине, көрші болған соң дәм-тұз алмасып тұрары хақ. Кең далаға дастарқан жайған берекелі қазақ ауылдары кешіре көріндер, бүгінгі азық сіздерден болсын, – деп бекіді көкжал. Тау ішін жаңғырта ұлыды. Мұнысы бейне сырнай тартып, соғысқа аттанған әскерлерді шепке шақырғандай еді. Ашығып тұрған қасқырлар көкжалдың үненмі азық іздейтін кезде осылай істейтінін біліп, еңбектеген жасынан еңкейген кәрісіне дейін қалмай суырылып шықты. Бұл баһадүр бір ретте көңілдерін қалдырмаған еді, сондықтан көз алдарына жылы-жұмсақтар елестеп, сілекейлері шұбыра түсті. Көкжал айналасына қарап еді барлығы оның айытқанына көніп, айдағанына жүретін адал қанды көйлек әскерлеріндей көрінді. Тек қана оның бастауын күтіп тұрғандай. Жырынды көкжал таудың қалың қасат қарын бұзып, қалғандарын соңынан ертіп жүріп кетті. Көкжал атойлап алда келеді, көздеп көңілге түйгені қазақ ауылдары, мұны өзінен басқа ешкім білмейді. Таяп қалды, ауылға жақындаған сайын арттағыларды үрей билей бастады, көбі тартыншақтап өзгенің қолымен от көсегендей көкжалды жіберіп, өздері арытта бағып қалды. Көкжал жер бауырлай басып қора маңына келді, үй-іші тым-тырыс өзіне қауіп жоқтығын сезген соң атылып барып, қора шетінде шөп жеп тұрған арық тайды алқымнан ала түсті. Арық тай айқасуға шамасы келмей бір-екі рет бұлқынды да құлап түсті. Көкжал азу тістерімен әлдеқашан тамақтап үлгірген еді. Дыбыстан сезік алған малшы иттері шулап үре жөнелді. Кенет күшті электр көзі жарқ етіп біреу далаға жүгіріп шықты, күшті нұрға көзі шағылып мен мұндамын деп тұрған көкжалға мылтық тарс ете түсті. Қас пен көздің арасында қорғасын оқ құрдымға кетіре жаздаған көкжал қаша жөнелді. Қуғанға батыр ауыл иттері жабылып келіп таласып жатыр. Ақ қардың бетін қып-қызыл қан жауып кетті... «Әке-ау, сонда өз серіктерім қайда?! Мынау иттерге өзін сонша талатқаны қалай?!» Көкжалдың бойын ашу биледі де қанталап алған көздерін бағанадан бері өзімен белсенді таласып келе жатқан сары төбетке тігіп, атылып барып құлақтан басып, жуан мойын күшке салып бір екі жұмарлап еді, қаңқылдап құтылғанына құлдық ұрып тайып тұрды, басқалары бата алмай үріп қала берді...

Көкжал қашып келеді, оқ көкжалдың алдыңғы аяғын жұлып кетіпті. Бағана ет қызуында байқамапты, аяғынан қан сорғалап тоқтамай келеді. Іш-бауыры езіліп кеткендей сезіліп тұр. Тоқтай қалып аяғындағы аққан қанды жалап өз қанымен оразасын ашты.

Тойымсыз дүние-ай! ... деді көкжал, өз құлқыным өз қаныммен азықтанғанды ар көрмейді!!!
Әттең, осы қу құлқынның құлы болып барамын...

Таң жаңадан ағарып келеді, аппақ қар бетіне кестеші қыздың кестесіндей қанды сапарынан қып-қызыл қан төгіп келеді... Бәлкім күн шыға ауыл адамдары қолдарына мылтық, шоқпар, бүркіттерін ертіп, із қуалап келіп қалар... Көкжалдың бойын үрей биледі, мынау жасырынарға қалытқысы жоқ мидай жазықтан ертерек өтіп, анау тау етегіне ілінбесе, қолымен істегенін мойынымен көтермек. Асыққан сайын үш аяқтап басқан жүрісі мандымай-ақ қойды... Қасат қарда қарға адым аттап басуы мұң болды, анау тауға жетуге әлі бар, аштық пен жарасы бойын меңдетіп барады. Тіпті ерегескендей анау тау барған сайын алыстап, биіктеп бара жатқандай сезілді...

Бірге бастап келген өз серіктері әлдеқашан кетіп қалған, тіпті түнде анау иттермен алысып жатқанда да біреуі келіп араға түспеген. Әй, өңкей пайдакөс зәлімдер-ай, деді көкжал ашуланып. Көкжалдың көзіне өзі жүре алмай бара жатқан мынау мидай жазықтағы ессіз ерліктері елестеді. Небір қоңыр аңдарды қуып жетіп қойдай сыпыратын. Қанды аузынан бірде бірі құтылған емес-ті. Жүйрік деген еліктерді де екі айналымға келтірмей алып ұрып ауыз тиген соң, серіктері, қаншықтары жететін. «Баһадүрім, батырым» деп алды-артынан еркелей құйрығын бұлаңдатып қойып тәтті асқа бас қоюшы еді. Жо-жоқ! Олар бәрін ұмытып кетті, неткен арамза, алаяқ еді! Азудан ас, бойдан қайрат кеткенде қолтығынан демер ешкім болмағанына күйіп жанды... Тұла бойын бір өксік, запыран биледі... Балкім олар тау басында өзінің ақсап келе жатқанын, қуғыншылар келсе, олармен қалай айқасқанын көріп, жақсы бір кино көрмекке даярланып жатқан болар. Жолдасын жолда қалдырған өңшең алаяқтар сендер бұл түрлеріңмен бір-бірлеріңе мәңгі опа қылмайсыңдар!!!

Кенет артынан мылтықтың өлім тілеп «гүрс» еткен дауысы естілді. Көкжал ойын тез жиып алды. Аттың дүбірі молайып, қиқу таяп келеді. Өз өмірін сенімсіз серіктерінің бақытына арнап, жанын да, тәнін де жаралаған көкжал ақтық демі алдында аяқ алысын тездете түсті...

Мадиев Жандәурен Советбекұлы
Сүлейман Демирель атындағы
қазақ-түрік университетінің
3-курс студенті

ҚАРА ҚЫЗ (Өңгіме)

Жетімді жылатып, өзегінен тепкен адам оңбас.
(Халық даналығы)

Қыс. Бас терісі салбырап, көңілі жер болып, сор маңдай болған, тоғызыншы қабаттан жерге қарап, қара қыз Ұлболсын тұр. Көзінен жасы суша сорғалап ағып, қыстың долы, аязды күн-райымен үйлесім тауып тұрғандай. Тоғызыншы қабатқа шығып, өз-өзіне қол салмақшы. Иә, бұлай ішкұса болып жүргенше, өлгенім артық деген оймен. Жастайынан ақылды, отбасы үміт артқан қара қыз осылай жарық дүниемен қоштаспақшы...

* * *

Жаз. Таңғы уақыт. Ауылға сән кіріп, қара тіршілік сағат бестен басталып кеткен. Кенет «сүйінші, сүйінші» деген Еңбекші ауылының ең тентек, бұзық баласы Шәкөнің дауысы естілді. Ауылдың тыныштығын бұл дауыс бір минутқа болса да бұзды. Жерден жеті қоян тапқандай қуанып тентек бала осы ауылдағы ең сыйлы, ауыз толтырып айтарлықтай дәулетті Ибраһим ақсақалдың үйіне кірді. Оның артынша, ауылдың өсекші қатындары, балашаға, ауыл адамдары ілесіп Шәкөнің артынан олар да іле-шала кіргенді.

- Ата, Ибраһим ата, немерелі болдыңыз. Сүйінші! – деп Шәкөн үйге кіре

салысымен айқайға басты. Сасып қалған ақсақал мен кемпірі тұрған орындарында бөріктерін аспанға лақтырып, сүйіншілеген тентек баланың бетінен сүйе берді. Бұлай сүйе беруге де себеп бар-тын. Жалғыз ұлдары Айдардың отау құрғанына жеті жыл болса да, балалы болмаған еді.

Көптен күткен сәби де дүниеге келді. Ақсақал бар жиған-тергенін салып, дүркіретіп отыз күн ойын, қырық күн той қылды. Сәбидің есімі ырымдалып Ұлболсын деп қойылды. Бірақ ауылдастары сәбидің есімін атамай барлығы «қара қыз» деп атайтын. Араға үш жыл салып, Алланың бұйыртуымен Ұлболсынның артынан Арлан есімді шекесі торсықтай ұл бала, әулет, ұрпақ жалғастырушы – Арлан дүниеге келді.

* * *

Арада кірпік қаққанша зулап жеті жыл өте шықты. Көрші ауылдың үлкен азаматы саналатын, Ибраһим қарияның інісі кенже баласының тойын жасамақшы. Бұл тойға Ибраһим ата кемпірімен, баласы мен келіні және Ұлболсын мен Арлан да өздерінің «тойға» деп алған сый-сыяпаттарын салып жолға шықты. Әзілдесіп, әңгіменің көркін қыздырып, айрандай ұйыған отбасы көңілді күймен жолда абыр-сабыр болып келе жатыр. Кенет... Кенет, «гүрс» деген дауыс күлкі мен әзілдің сайранын тыйып тастады.

Қараңғыдан көзін ашып Ұлболсын есін жиды. Жан-жағына қарап «анашым» деп сыбырлап сөйлеп, отбасының қасында болмағанына және денесінің ауырып жатқандығына шыдай алмай, көзінен жасы сау ете қалды. Сұрапыл көлік апатынан екі періште аман-есен қалды. Оған себеп, екі баланы анасы мен әжесі көлік соқтығысқан сәтте денелерімен жауып, соққыдан қорғап қалған екен.

* * *

Арада екі жыл 12 секундтық түс секілді тез өте шықты. Сол бір көлік апатынан кейін тағдырдың тәлкегіне ұшырап, тұл жетім қалаған Ұлболсын мен Арланды Ибраһим ақсақалдың туысқан інісі Талғат пен әйелі Қыздаркүл аталарынан қалған бар байлыққа қызығып, «балаларды өзім бағып, қағып, қолдары ауыздарына жеткенше өсіріп, тәрбиелейміз» деп асырап алған-ды.

Қыс. Қақаған боран мен аяз. Ас бөлмеде Талғат пен Қыздаркүл екі баласымен бал қосылған сүт пен шәй ішіп отыр.

- Әй, анау екі бишара қайда, – деді Қыздаркүл шіреніп.
- Ол екеуін жылқыға шөп салуға жұмсағанмын, – деді Талғат.
- М-м-м, дұрыс істегенсің, – деді Қыздаркүл мырс етіп. Арада бес минут өтпестен Ұлболсын мен Арлан үйдің ішіне кіріп келді. Бұларды көрген Қыздаркүл бал мен майды тығып қойды.
- Келіндер, шәй ішіндер, – деді Қыздаркүл.
- Жақсы, апа қазір, – деді Арлан.
- Түу, мені «апа» демеші. Сенің апаң өлген, – деп Қыздаркүл «шап» ете қалды. Арлан көзіне жас алып сыртқа шығып кетті.
- Сіз, неге олай айтасыз? Ол... Ол әлі кішкентай ғой. Анасын, әкесін сағынып жүр. Неге соны түсінбейсіз? – деп Ұлболсын өксіп, жылап жіберді.
- Ей, саған тіл бітейін депті ғой, – деп Талғат қара қызды соққының астына алып, шашынан тартып далаға сүйреп шығарды. Өксіп жылаған бойда Ұлболсын осы ауылдағы тоғыз қабатты үйге қарай бет алды. Ешкімді де ойламады. Артына да қарамады. Артындағы қара домалақ інісін де ойына да алмастан жүгіре жөнелді. Бірақ Арлан әпкесінің қатты жылап бара жатқанын көріп, соңынан ілесті. Тек, қара қызды тоқтатпады.

Тоғызыншы қабат. Көзін жұмып, «анашым, әкешім сендерді сағындым» деп секіруге ұмтылған кезде «Әпке!» деген Арланның дауысы естілді. Бұл дауыстан қара қыз Ұлболсын бірден есін жиып алып, артына, Арланына қарады.

- Әпке, олай жасамаңызшы. Мен, мен...
- Арланым ... деп Ұлболсын өксігі тамағына тығылып, жылап тұрған інісін жүгіріп барып құшақтап қосыла жылады. Жерде жылаған жетімдерді көреген періштелер тітіркенген де шығар сол кезде..

- Арланым, мені кешірші... Мен... Мен мына жарық дүниеде қала алмаймын. Шаршадым... Мен... Мен, әкемді, анамды, әжемді, атамды сағындым құлыным... Түсінші... – деп өксікпен үзік-үзік әрең сөйледі Ұлболсын.

- Әпке мен де сағындым, – деп Арлан да әпкесін құшақтай жылай берді, жылай берді. Далаға сыртқы киімсіз шыққан қара қыз жаурай бастады.

- Інім, Аланым. Әкеміз бен анамыз жатқан жерге барайық, – деді Ұлболсын.

- Иә, әпке кеттік, – деп екеуі қол ұстасып бейіт жаққа қарай бет алды.

* * *

Жедел жәрдем мен милиция көліктерінің дауысы қиқулап, ауыл абыр-сабыр болып жатыр.

– Таптық, таптық..., – деп кезінде сүйінші сұрап келген Шәкөн ентігіп келеді. Оның артынша, ауылдың өсекші қатындары, бала-шаға, ауыл адамдары ілесіп Шәкөннің артынан олар да іле-шала бейітке қарай ұмтылды. Анасы мен әкесінің бейіттерінің ортасында құшақтаса жатқан екі періште, қара қыз – Ұлболсын мен Арлан жатыр.

Қыстың қақаған аязы мен боранды дауылы да екі жетімді аямаған екен...

Нұрболат ДОСЖАН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің
4-курс студенті

ШАЙТАН КӨПРДІҢ ҚҰРБАНЫ

Әңгіме

(Болған оқиға ізімен)

Жаз кеші.

Жол шетінде әңгімелесіп келе жатқан екеу.

Бұл аймақ жазық даланың беткейінде орналасқан. Шағын ғана дөн басынан әрі асқанда иненің ұшындай ғана 12-13 үйдің мұржасы көрінеді. Төрт түліктің күшімен қарекет тірлік кешіп отырған осын-ау жұртшылық, күндіз-түні малмен алысып әлек. Әйтсе де қаладағылардың көбі бұл ауыл десе – ерні-еріндеріне тимей: «Әй, ол құт дарыған мекен, қонысқа жайлы мекен» деп мақтай кеп жөнеледі, мақтай кеп жөнеледі...

Жер бетінде мінсіз жаратылыс болушы ма еді. Жусан исі аңқыған меңіреу даланың сырт көз сезіне бермейтін – өз ішіндегі өксіген талайғы мұңы мен қуанышы, қатпар-қатпар тағдырларға толы тарихи шежіресі, қилы аңыздары мен қиял-ғажайып шытырмансыз жетіп артылады. Бұл аңғардың сәнін құртып, ауыл тұрғындарын үрейге бөлейтіні де осы – бағзыдан бергі жын атаулының мекені, құдай атқан жер – Шайтан көпір аңғары. Естісең аты адам шошырлық қарғыс атқан жердің сан түрлі тарихы бар. Бірақ оның қайсысы шын, қайсысы өтірік ол да жұртқа – беймәлім.

Ауыл айтқыштарының айтуынша, осы жерде дүниеге келген сәби анасынан туыла сала сөйлеп кеткен-ді.

Иә, тыңдай берсең адам ақылына сыймайтын жәйттар өте көп. Көзіңе ертегідей елестейтін сандырақтарды айтып, сенің басыңды қатырғаннан маған не пайда. Одан осыдан 40 жыл бұрын өзім көрген бір оқиғаны баяндап берейін, – деді темекісін шегіп келе жатқан, ақсақ шал, қасындағы қонағына.

Ноян жасы жиырма үштен асқан жап-жас жігіт болса да, осы ауылдың тісқаққан шопандарының бірі. Кішкентайынан жетімдіктің тауқыметін тартқан жан. Содан болар жүзі

қараған жанның жанарын тесіп өтердей сұсты. Дегенмен оның бір жақсы қасиеті – өте еңбекқор.

Алғашқыда әркімнің қорасын паналап жүріп мал бақты. Кейін есейе келе өзіне шағын ғана сарайшық салып алған-ды. Ал қазір жағдайы өте жақсы. Тіпті, ауылдағы мен-мен деген шопандармен иық тірестіретін хәлге де жетті. Қаншама жыл қиналып, маңдай терімен тапқан еңбегінің жемісін көргендігіне шүкіршілік еткенмен, жанын жегідей жейтіні – жалғыздық.

Жігіттік жасқа жеткеніне қарамастан, оңаша қалғанда бала кезінен бергі досы Жанасылды қасына шақырып алып, оған ішіндегі бар шерін тарқата өксіп-өксіп жылап та алады. Мұндай шақта Жанасыл да мұндасының шерін тырп етпей тыңдап отыратын. Өйткені бұлардың тағдырлары екі бөлек болғанымен, арман мақсаттары бір еді.

Оның үстіне Жанасылдың жастайынан әр нәрсеге бей-жай қарай алмайтын, зеректігі тағы бар. Айтса әңгіменің майын тамызатын бала жігіт кітаптан да мүлде бас алмайтын. Содан болар ауылдағылар оны оқымысты атап кеткен. Не керек, бүгінде соның жемісін көріп отырған ауылдың – абыройлы мұғалімі. Бірі шопан, бірі оқытушы екі дос қиналғанда қарасып, көмек қолын созып тұруды жөн санайды.

Арасы қылдай болса да оңайлықпен үзілмейтін адалдыққа сырт көздің қызыға бастағаны соншалық – еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін жыр қылатыны осылар. Тіпті, бірге ойнап жүрген кішкентай балалардың өзінен «Әу, ботақандарым, өскенде кім болуды армандайсыңдар?» деп сұрай қалсаң, жүзіңе бала көңілмен күлімдей қарап, «Ноян мен Жанасылдай сертіне берік адал дос болғымыз келеді», – деп үн қататын. Содан бергі жылжыған уақыт шіркініне көз ілеспей, күндер өте берді. Өте берді.

Тамыздың тамылжыған кештерінің бірі. Жанасыл оқу жағдайына байланысты қалаға аттанбақшы болып, ауыл шетіндегі жолға қарай бет алды. Қасындағысы жан досы, Ноян. Екеуі қызу әңгіме үстінде келеді. Міне, ендігі уақыт та зу етіп өте шығып, Ноян Жанасылды қимастық сезіммен көлікке мінгізіп жатыр. Сондағы сыйластықтан өрілген қамсыз көңіл, небәрі екі жетілік оқуға кетіп бара жатқан досының алдағы 8 жыл бойы із-түссіз жоғалып кетерін сезгендей-ақ.

Арада жарты ай уақыт өтті. Әр кеш сайын досының хабарын күткен Ноян, жол шетінде отырып, ары-бері өткен көліктерді торуылдаумен әлек. Бүгін де сол кейіпте. Бұрын жалғызбын деуші еді. Енді одан әрі жалғызсырағандай күй кешуде. Ойы сан-саққа бөлініп кеткені соншалық, кенет жерге сылқ етіп отыра кетті. Осы мезетте тұншыққан сананы тұнғыық ойдан бір құдірет суырып алғандай, құлағына естілген дыбыс дүрсілдеген жүректі елең еткізді. Басын көтеріп қараса, қаладан тағы бір көлік келіп тоқтап жатыр екен. Орнынан ұшып түрегеліп көлікке қарай жақындаған ол – қара түсті машинаның есігі ашылысымен-ақ ішінен түскелі жатқан, үстінде қызылды-жасылды көйлегі бар, басына әдеміше оралмал таққан, жүзі өте сұлу, бұрымы белінен сәл-сәл төмен түскен, жанары ай сәулесіндей өткір, ақ құба келген, қолында кішкене ғана жүгі бар жас қызды көрді. Оны көрген бойы сол-ақ екен, Ноян есінен алжасқан адамдай орнынан қозғала алар емес. Тіпті, өзін-өзі ұмытып кеткендей. Мұны бірден аңғарған қалалық қыз одан еш жасқанбады. Керісінше, көліктен түскен қалпы жүгін жерге қоя сала жақындап келіп, мәдениетті түрде сәлемдесті.

Содан соң сәл күлімсіреп, өзінің есімінің Жанайым екендігін айтты. Бұлақ сылдырындай мөлдір үн жүректі елітіп жібергені соншалық, сасқанынан қобалжи бастаған ол:

– Ме-нің, ме-нің – дей беріп, өз атын әрең дегенде есіне түсірді. Дегенмен оның өз бақытымен алғашқы кездесуі осылай басталған еді.

Арада 2 апта уақыт өте шықты. Күндіз-түні Жанайымды есінен шығара алмайтын Ноян, кейде әлсін-әлсін ғана есіне алып іздеп қоятыны болмаса, жан дегендегі жалғыз досын ұмытып та кетті. Көшені әрлі-берлі кезіп өткен сайын құлақ түретіні шүйіркелескен ауыл кемпірлерінің қалалық қыз жайындағы әңгімесі, «Әй, ана қалалық қыздың жігіті жоқ дейді ғой. Өзі мұғалім көрінеді. Ақылды деседі. Үндемей жүріп от баспаса болғаны. Тәубә-тәубә, тфэй-тфэй, тіл көзден сақтасын!».

Бұл жағымды сөздерді жүрегіне жақын қабылдаған Ноян – мээ, ыржиған қалпы езуін жия алар емес. Әр кеш сайын айға қарап жатып, «Е-е, құдайым, Жанайымға қоса көрші мендей бейбақты, менің жабырқау жанымды жалғыздықтан ада етші» деп тілек тілейтінді шығарды. Алла өзінен үміт күткен пендесін жабырқатып қоюшы ма еді. Ақыры, талай қиындықты бастан кешірген сор маңдай жанның тілегі шындыққа айналып, аңсаған арманына қолы жетті. Сөйтіп, Жанайым мен Ноян отау құрды. Көп ұзамай-ақ Жанайым жүкті болып, олар қуаныш үстіне қуанышқа кенелді. Дегенмен, ол қуаныш ұзаққа созылмады.

Жанайым өзінің ішіндегі нәрестесінің шетінеп кеткенін сезгенде, үміттің оты су сепкендей басылды. Бірақ мұнымен уақыт тоқтап қалмады. Тірі адам тіршілігін жасау үшін жаралғандықтан, екі жас бір-біріне дем беріп, тату өмірді бастан кешіруді мақсат етті. Бұларға сұқтана қараған сырт көз қызғаныштан, орталарына талай рет от салмақшы болып, қолдарынан келген бар айла-тәсілін жасағанымен оны іске асыра алмады. Ақыр сонында олардың бір-бірі үшін жаралғандығын мойындады.

Содан бергі тықылдаған сағат тілі 8 жылды артқа тастады. Әлі де болса Ноян мен Жанайымның бар арманы – бала сүю.

«Құдайым, бұл тілегімді қашан қабыл ала қояр екенсің?!..» – деп екі жастың жаратушысына үміт артып, жалбарынбаған кезі болмады. Мұны естіп отырған қаумалаған ұзын құлақта та кесірін тигізбей-ақ қойсын ба? Кімге тиерін білмей жүрген жөнсіз сөздер ақыры өз иесін тапты. Халық енді Жанайымды «бедеу қатын» деп өсектейтінді шығарды. Бұған ашынған Ноян бір емес, екі емес сұм сайтанның жетегіне еріп ашудан ішетін халге жетті. Үйіне қонбай көшеге жатып ұйықтауды әдетке айналдырды. Сөйтіп, тар кеудедегі жұдырықтай жүректің Жанайымға деген албырт сезімі бірте-бірте суи бастады. Енді ол баяғы өзі таңданған сұлулықтан адыра қалып, оңашада жазық даланы кезіп серуендеп келуді арман етті. Содан бері бір жетіге жуық уақыт ес-түссіз жоғалды да кетті. Жанарына жас үйіріліп, жалғызсыраған байғұс Жанайым, түн сайын жар құшағының жылылығын аңсаумен, екі көзі төрт болып ақыры таңды да атыратын.

Міне, бүгін сол 7-ші күнге қараған кеш. Жолдасының жолын торуылдаған Жанайым үйде жалғыз отыр. Кенет сырттан:

– Ассалаумағалайкүм, үйде біреу бар ма?! – деген ер даусы естілді. Далаға үрке шыққан бойы ол, кең иықты, қалың мұртты, қарлығаштың қанатындай қастары үшкір, сұңғақ бойлы келбетті жігітті көрді. Көрген қалпы қонақпен суық амандасып, жөн сұрасты.

– Иә, қайдан жүрген жансыз? Кімді іздеп келдіңіз? Көңілсіз әйелдің көрікті келбетін көріп, көркем үнін естіген Жанасыл:

– «Апыр-ай, достым-ау, мынандай періштені қайдан тауып алғансың» деп өзіне-өзі іштей тіл қатып қояды. Мұнысы таңдану ма, тіпті одан көз алар емес...

– Мен, негізі осы ауылдың еркесімін. Және осында кіштенайымнан бірге ойнап өскен Ноян атты жан дегендегі жалғыз досым бар еді, соны іздеп жүрмін. Жолшыбай көрінген

үлкен-кішінің нұсқауымен осы үйге ат басын бұрып, ойша болжап келген жайым бар. Қателеспесем, осы отау болу керек, әлде қателестім бе?

– Өзіңіз бір қалжыңбас жан екенсіз? (Бағанадан бері қатулы әйел қабағы сәл жібігендей сыңай танытып, жүзіне күлкі үйірілді).

Дәл сол мезетте оған сұқтанған жігіт жанары белгісіз бір әлемге сапар шегіп бара жатты. Әйел сөзін кілт тоқтаған жерінен қайта жалғады.

– Иә, қателеспедіңіз, тіпті дәл таптыңыз! Құттықтаймын! Бірақ, сіз іздеп жүрген кісі менің жұбайым. Жұбайы жарынан сыр жасырушы ма еді. Сіздей жолдасы болса маған айтушы еді ғой. Әйел тағы да мысқылдай күлді.

– Жарайды, қалжыңым деп ұғыңыз!

– Менің есімім Жанайым. Ал сіздің есіміңіз кім болды, қонақ жігіт?!

Ентіккен жігіт жүрегі әлі де болса ентігін баса алар емес... Ақырын ғана шыққан қоңыр дауыс:

– «Ме-нің... ме-нің атым...» дей беріп еді, кенет ат тұяғынын тықылдаған дыбысы бұл екі арадағы байланысты бөліп жіберді.

Селк ете қалған қонақ жігіт, лезде артына бұрылып аттан түскелі жатқан кісіге қарай жүгірді (Ол Ноян еді). Көріскен сәттен-ақ екеуі бір-бірін құшаққа алып, үш рет төс қағыстырды.

– Ноян!

– Жанасыл!

– Аманбысың, бауырым?!

– Аманмын бауырым!

– Тірімісің, бауырым?

– Тірімін, бауырым.

– Сағындым ғой, ақымағым-ау! Қайда жоғалып кеттің?! Ең болмаса бір хабарын бермеймісің?... (Ноянның жанарынан сағыныштың ыстық жасы тамып та кетті)

– Жүр үйге кірелік. Енді менен құтылам деп көр!

– Ай, сабазым-ау! Сабазым-ау! Айтасың-ау, сен де!..

Ұзаққа дейін сағынышын баса алмай тұрған екі дос, ендігі қас-қағым сәт – балалық шақтың белгісі ретінде, шығып келе жатқан айға қарап: «Біздің достығымыз ешқашан өшпейді және оны ешкім де өшіре алмайды!» деп үш рет айғайлады.

Бұларға сүйсіне қараған Жанайымның ашуы лезде басылғаны сол-ақ екен, жұбайының аман-сау екенін көріп іштей қуанды. Тіпті, оны құшақтағысы да келді. Бірақ, қонақ болған соң сәл сабыр сақтады.

Жанайымға жақындаған Ноян онымен суық амандасты да:

– Қатын шайды дайында! – деп, зілді үн қатып, Жанасылмен бірге үйге кіріп кетті.

Көп күннен кейін оралған жұбайынан мұндай салқындық күтпеген Жанайымның көңіл-күйі, қайта бұзылды. Сонда да міз қақпастан, шай дайындау ісіне кіріскені сол-ақ екен, ашу-ызаның бәрін де ұмытты.

Түн ортасы ауған шақ. Шай үстінде мән-жайды сұрасқан екі жігіт сағыныштарын әлі де болса баса алмай отыр. Ол ол ма, Жанасылдың бұл ауылға директор болып келгенін естіген Ноянның шаттанған жүзі – күлімдеуден тыйылар емес. Және сол қуаныштың белгісі ретінде бұлар бір бөтелке сары суды сіміріп те тастаған. Әрі біраз қызулы.

Енді Ноянның Жанайыммен шаруасы жоқ, тіпті оны адам құрлы елемеді де. Тек досымен ғана шүйіркелесіп отыр.

Ал, Жанасыл болса сұқтанған бойы Жанайымнан көз алар емес. Мұны байқаған Жанайым да жігіт жанарына мойынсұнған пейілден не олай, не бұлай қашып құтыларын білмей отыр.

Даусы гүр-гүр еткен, Ноянның аузы жабылар емес. Ақыры сөйлей-сөйлей бір жағына жантайған қалпы ұйықтап кетті. Кешкі көрісуден бері осы сәтті ұзақ күткендей Жанайым мен Жанасылдың сөздері жарасып-ақ барады.

Арада 3 күн уақыт өтті. Жанасылдың өз қызметіне кірісіп кеткені соншалық, таңнан бері қағаздан бас ала алмады. Кеш ауар сәтте бой жазып қайтуды жөн көрген ол мектептен шыққан бойы досының үй жағына тартты. Үйге жақындағанда есік алдында шылым шегіп отырған Ноянды көріп, бір-бірімен жөн сұрасқан олар бірден әңгімеге көшті.

– Көңіл хошың болмай отырған сықылды ғой. Не жағдай болып қалды?!

– Иә, ана қатынды аяп жүрмін. Әбден шаршады байғұс. Отау құрғанымызға міне 8 жыл, үйден екі қадам аттап шықпайды. Мені қойшы малмен алысып жүріп әйтеуір күнді өткіземін. Ал, ол – үйде отырудан әбден жалықты. Оның үстіне ең болмаса сүйініш болар бала да жоқ. Құдайым сол тілегімді қабыл етпей-ақ қойды. Туғаннан бері маңдайымнан сор арылар емес.

– Бауырым-ау, емешегің езіліп кетердей несіне сонша өзінді жегідей жейсің. Қатыным жұмыссыз десең, оған жұмысты мен-ақ тауып берейін. Ең болмаса қолымнан келген жәрдемді тигізейін. Қолымды қақпа, егер қаласаң, бізде бір орын бар сонда келсін.

– Мұғалімдікке ме?

– Иә.

– Қойшы расымен бе? (Ноянның қуанышында шек болмады).

– Әрине, бауырым-ау, менің саған жалған сөйлеген кезім болды ма.

– Рахмет, бауырым!... Рахмет!

– О не дегенің.

Екеуі бір-бірін құшақтап, төс қағыстырды. Осы мезетте Ноян, қуанышты жаңалықты жұбайына жеткізуге асықты. Ақыры ол да айтылды. Жанайым да бұл хабарды естігенде қатты қуанып, Жанасылға деген алғысын білдірді. Сәлден кейін жұрт дыбысы саябырлаған мезетте, олар үйге кіріп кешкі ас ішті.

Күндіз-түні еңкейіп шелек жуудан қолы тимейтін Жанайым, ертесімен-ақ өз қызметіне орналасты. Ендігі, міне, бастауыш сынып бүлдіршіндерінің барлығы дерлік, тайсалмайтын өжет әйелдің қолынан білім нәрімен сусындап келеді. Иә, шынымен де, бұл жолы Жанайым ерледі.

Өзіне жеке орта тапты және сол ортада үлкен құрметке ие болды. Күн санап, Жанайым десе ішкен асын жерге қоятындар көбейді. Мұны байқаған Жанасылдың оған деген сезімі арта түсті. Алғашында оны жұмыстан кейін ғана үйіне жеткізіп тастайтын. Қазір жұмысқа да бірге баруды әдетке айналдырды. Дегенмен, Жанасылдың бұл қылығы күн өткен сайын Ноянға ұнамады. Сырт көзге де оғаш көріне бастады. Тіпті ауылдың «әу» десе айтар әңгімесі де осы болды.

– «Әй, ана әйел есінен алжасқан ба?... Жанасыл да дұрыс емес-ау?... Әке-шешесі мұндай емес еді ғой, бұл өзі кімге тартқан?...». Ноянның жатса, тұрса еститіні осы. Ақыры шыдамның да шегі таусылды. Сабау сөздерге төзбеген шопан жігіттің, жан дегендегі жалғыз досымен арадағы қатынасы осылай үзілді. Енді олар бір-біріне дос емес, қастық көзбен қарайтын дұшпанға айналды.

Айтқыштар мұны да өсекке айналдырды. Ауыл арасында қайтадан сол баяғы тақырып төңірегінде қауесет таралды. Қызғаныштан іші өртенген жігіт ақыры әйелін жұмыстан шығарып алды. Бірақ, Жанайым мен Жанасыл көрісуін тоқтатар емес. Олардың бұл кездесуін құдай да қалағандай, ешкім оларға кедергі бола алмады. Сөйтіп жүргенде арада тағы 1 жыл өтті. Отау құрғалы шетінеп кеткен баладан кейін, тура 9 жыл бойы жүкті болмаған Жанайымның енді, міне, іші өсіп келеді.

Мұны сезген халық, тағы да өз ырқына басып:

– «Ана сайқалдың ойнастан тапқан үлесі ғой», – деп әйел байғұсты олай да бір, былай да бір сөккілей жөнелгені-ай!

Әбден шерменде болып, бәрінен көңілі қала, сарсаңға түсіп санасы сан-саққа талқанған жігіттің шарап – қайтадан сүйінішіне айналды. Досты да, қатынды да қарғап-сілегені былай тұрсын, құшағындағысының іші өскен сайын жан-дүниесін күмән кернеді.

«Шынымен де, ел айтқандай бұл менің балам болмауы да мүмкін ғой? Онда өлдім дей бер ақымақ-ау!..» деп өзін-өзі жазғырып, жүрегіндегі сыздаған жараны асқындыра берді.

Жанасылдың жаны ашығанымен, ол өз сезімінен бас тартпады. Тағдыры екеуін егіз қылып қойғандай, Жанайым да оның сезіміне мойын ұсынудан қашпады.

Кезектесіп өтіп жатқан күндердің бірі. Көңіліне мұң арқалаған Ноян есі кіресілі-шығасылы үйіне қарай беттеп келеді. Бойын ашу-ыза кернеген. Енді кішкене қалғанда сүрініп құлап та кетті. Мұны көріп тұрған анадайдағы екі қарт:

– «Өй, бейшара бала азды-ау, әбден!

– Иә, қатыны құртты бұл бейбақты.

– Кінә өзінен ғой, бір қатынға ие бола алмай жүрген мұның несі еркек» деп, мысқылдай күлді.

Одан сайын ашуға бой алдырған Ноянның көзінің алды түк көрер емес. Тек ішінде нала ғана бар бейшара орнынан сырғып тұрды да, жүгіре келіп аула есігін теуіп ашты. Аулаға аяқ басқан бойы жерде жатқан ұзын шыбықты алып, үйге кірді. Кірді де, босануға айы-күні жақындаған қатынына «ләм-мим» деп ауыз ашқызбастан, оны шұрқыратып тұрып ондырмай сабады.

Сабап жатып: «Сен қатын, сен сайтан!!!» деп айта берді. Айта берді.

– Жаны шырқыраған жүкті әйел шошынғаннан орнынан әлсін-әлсін көтеріліп есік жаққа қарай қашты. Ал жігіт оның артынан қуып әлек болмады. Керісінше, «Кет сайтан, кет!..», «Ашынаңа бар. Кет. Кет.» деп айқайлай жөнелді. Сәлден соң, үйді тыныштық кернегені сол-ақ екен, жігіт бұрышқа отыра қалып өксіп-өксіп жылады. Бет-ауызы көк ала торғайдай Жанайым, сол ышқынған қалпы ауылдан мүлде аулақтаған-ды. Көп ұзамай-ақ бір өткелдің басына кеп тоқтады. Көңілін үрей кернеп, көйлегі қанға малшынған бейшара, ішінің ауырғанына қарамастан, отырған жерінде ұйықтап кетті.

Түн. Қараңғы. Айдала. Ұйықтап жатқан әйел денесін әлде бір күш түрткендей болды. Орнынан шошып ояңған күйі, етегін жұлқылап ойнап отырған екі сәбиді көрген ол – шошынғаннан қатты шыңғырып жіберді.

Көзін жұмып, ішінен үш рет «Бисмиллаһ» деп еді, сол күйі жын да ғайып болды. Жүкті әйел қорыққаннан ауық-ауық қор етіп ұйықтап кете берді. Ұйықтап кете берді.

Енді бір мезет ояңғанда бір түрлі қорқынышты дауыстар естіген ол лезде кері қайтқысы келді. Бірақ, дала тастай қараңғы. Оның үстіне жол да көрінбейді.

Не істерін білмей артына қарағаны сол-ақ екен, өзіне қарай адымдап келе жатқан ақ киімді кемпірді көрді.

Одан сайын шошынған қалпы, орнынан тұра қашты. Денесіне ауыр күш салғанына қарамастан, қиналса да тоқтағысы келмейді. Ақыры аяғы бір нәрсеге ілініп кетті де, сол күйі шұңқырға құлады. Есін жиғандай сезілген бірер минуттан соң, көзіне – өзіне қолын ұсынған марқұм анасы көрінді. Бірақ, бұл жолы Жанайымның көңіліндегі қорқыныш сезім, мүлде байқалмады. Тіпті, өзіне күлімсіреген анасына оп-оңай қолын берді де сол мезет екеуі аспанға ұшып кетті.

Арада екі күн өтті. Есін жиып өз-өзіне келген жігіт, ес-түссіз жоғалған әйелін іздеп әлек. Қасында Жанасыл бар. Сөйтіп олардың бармаған жері, баспаған тауы, іздемеген шұңқыры қалмады... (Жоқ бар екен).

Ендігі үміт, соңғы жер – «Шайтан көпірде». Бірақ бір өкініштісі көпті көрген қариялардың болжамынша, ол жерге барған жанның не жынданып кетуі, не өлім құшуы мүмкін деген қауесеті бар-ды.

Мұны естіген Ноян қорыққаннан «Шайтан көпірге» тартып отырды.

Жол үстінде,

– «О, жаратушы ием, әйелімді аман сақтай көр. Сәбиімді аман сақтай көр» деп жалбарынды. Амал не, қолдан келер не шара?!

Сонымен, бұлар шайтан көпірге де жетті. Және енді бәрінің кеш екендігін түсінді.

Көпір жанындағы құдықтан Жанайымның мәйітін тауып алған Жанасыл мен Ноян – өкініштен маңдайларын жерге ұрып жылады. Жылап отырып, ендігі ауылда ешқандай мән қалмағандығын ұқты.

Мәйітті ақтық сапарға аттандырған екі күннен соң, жалғыздыққа шыдамаған Ноян өз-өзіне қол салып, бақилық сапарға аттанды.

Әңгімеге жақын айтқыштардың айтуынша, қос бірдей жанашырынан айырылған Жанасылдың ауылда қалуға дәті шыдамай, ақыры қалаға көшіп тынған көрінеді. Сонымен, тағы да іс-түссіз жоғалған.

Ал шайтан көпір оқиғасы – халықтың есінде мәңгілікке сақталып қалды.

